Мейрамгүл НҮСІПБЕКОВА, *үздік педагог:*

«ДАРЫНДЫ, ТАЛАНТТЫ ҰРПАҚТЫ КЕМТАР ЕТІП ЖАТЫРМЫЗ»

5-бет

ЗАҢ газеті

zangazet@mail.ru

№30 (3458) 15 сәуір 2022

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет



ХАТТАМАНЫҢ ТИІМДІЛІГІ ЗОР

2-бет

ЕУРОПАРЛАМЕНТ ДЕЛЕГАЦИЯСЫ – ҚАЗҰУ-да

3-бет

КЕСЕЛМЕН КҮРЕС — ЕЛДІККЕ ҮЛЕС

4-бет

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

«АРҚАДА ҚЫС ЖАЙЛЫ БОЛСА, АРҚАР АУЫП НЕСІ БАР?!»

Елімізге Ресейден келушілер қатары былтырғы жылмен салыстырғанда екі есеге өсіп кеткен. Тек биылғы 24 ақпан мен 11 сәуір аралығында көрші елден 130 мың азамат келіпті. Жалпы, бірінші қаңтарға берілген есеп бойынша Қазақстанға былтырдан бері 457 мың шетелдік кірген. Оның көбі Өзбекстан мен Ресей азаматтары. Ал, соғыс алаңына айналған Украинадан 3481 адам келіпті.

(Соңы 3-бетте)

МӘСЕЛЕ

МАМАНДЫҚ ТАҢДАУДАҒЫ МАШАҚАТТАР

Елдің ертеңі саналатын жастар өз болашағын қалай құрып жүр? Мамандық таңдауда неге басымдық береді? Оларға кім үлгі? Неге әнші-биші, блогерлерге еліктейтін жастар көп? Шыны керек, қазір қатарлас, замандас жастардың аузынан «бәленше мектепті әзер аяқтаған екен», «түгенше деген бай бірде-бір ЖОО есігін ашпапты» дегенді көп естиміз. Іргелі ғылымға негізделетін дәстүрлі білімнен гөрі, жеңіл табысты жөн көру жастардың арасында тенденцияға айналғандай. Осы мәселені тереңінен зерттеп, мәнісіне үңілейік.

Бұрын телевидениеде технологиялық прогрестен хабары мол, кәсіби мамандар жұмыс істесе, бүгін телеэкранды әуесқой әнші-биші, шоумендер басты. Сапа мен саналы бағдарламалардың бағасын көзіқарақты көрерменнің өзі де бағамдап отыр. Рас, кейбір шоу бизнес өкілдері қызықты контент өндіру арқылы түрлі жарнамалар жасап, телеарнаға табыс әкеліп те жатқан шығар. Алайда, бұл журналистиканы сапалық тұрғыда өсіріп отыр деген сөз емес. Яғни, бұның бәрі жастар арасындағы біліктілікті, жаңашылдыққа деген ұмтылысты азайтатыны анық. Бүгінде мектеп бітіруші түлектердің көбі бұрынғыдай мұғалім немесе шахтер болуды мақтаныш санамайды, оның орнына әнші болып, блог жүргізіп оңай табыс тауып, тез арада байып кеткісі келеді. Сапалы контентті жасау үшін де білім керек. Еліміздегі блогерлерді төртке бөліп қарастыруға болады:

Бірінші топқа – ресми түрде ешқандай жұмыспен айналыспайтын, тек жарнама жасау арқылы пайда табатындар. Әзіл-оспақ арқылы белгілі бір аудиторияда өз қызметін көрсететіндер. Яғни, бұған мысал – әйгілі «Sekavines». Негізінде бұндай блог жүргізу оп-оңай іс емес. Өзің сценарист, өзің монтажер, өзің дизайнер болуың қажет.

Екінші топқа – қоғамдағы түрлі мәселелерді (экология, медицина, экономика) көтеру арқылы танымдық бағытта жұмыс істейтіндер. Мәселен, Өркен Кенжебектің инстаграмдағы «Orkeni» парақшасын айтуға болады. Бұл парақшадан сіз әлемдегі табиғат ғажайыптары мен түрлі архитектуралары, адамзаттың түрлі мәдениеті турасында қызық ақпараттар таба аласыз.

Үшінші топқа – белгілі бір өнімге (авто, үй, телефон) шолу түсіру арқылы, сол өнімдерді сатумен айналысатындар. Белгілі бір өнімге шолу түсіру үшін де сол өнім турасында мол ақпарат берумен қоса, камера алдында именбей сөйлей алуың керек. Қысқасы бұл да оңай дүние емес. Тынымсыз ізденіс пен жалықпай зерттеуді талап ететін сала.

(Соңы 8-бетте)

ЭКОНОМИКА

ИНВЕСТИЦИЯНЫҢ БАСЫМ БӨЛІГІ ӨНЕРКӘСІПКЕ ЖҰМСАЛАДЫ

Ұлттық статистика бюросының деректеріне қарағанда, 2022 жылдың алғашқы екі айында елімізде негізгі капиталға салынған ішкі және сыртқы инвестицияның көлемі 1296,8 млрд теңгені құрады. Оның 964,3 млн теңгесі (74,4 %) ішкі, 332,4 млн теңгесі (25,6 %) сыртқы инвестиция. Сондай-ақ, негізгі капиталға салынған бұл инвестициялардың 571, 6 млн теңгесі шағын, 76,9 млн теңгесі орта, 648, 1 млн теңгесі ірі кәсіпорындарға жұмсалған.

Осы арада оқырманға түсінікті болу үшін негізгі капиталға салынған инвестиция ұғымына анықтама бере кеткен артық болмас. Ол – жаңа құрылысқа, оны кеңейтуге, қайта құру мен жаңартуға, құрал-жабдықтарды, көлік құралдарын сатып алуға, көпжылдық екпелерді қалыптастыруға және т.б. бағытталған инвестордың экономикалық, әлеуметтік және экологиялық әсер алу мақсатында салынатын қаражаттар.

(Соңы 3-бетте)

СОТ СӨЙЛЕСІН

БАҚ пен СОТТЫҢ МІНДЕТІ ОРТАҚ

Сот төрелігіне қойылатын талап жылдан жылға артып келеді. Адам тағдыры таразы басына салынатындықтан сот жұмысының сапасын көтеруге әрдайым жіті назар аударылғаны дұрыс. Бұған қоса, қоғамның сұранысына орай соттың ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету бағытында атқарылып жатқан жұмыстар ұшан-теңіз. Соттың тыныс-тіршілігінен хабардар етіп, халық пен сот арасындағы байланысты нығайтуда бұқаралық ақпарат құрадарына да үлкен міндет жүктелген.

Сот пен бұқаралық ақпарат құралдарының атқаратын міндеті, жүктелген функциясы әртүрлі болғанымен, екеуі де ортақ құқықтық кеңістікте қатар қызмет етеді. Соттың міндеті әділ, заңды төрелік жасап азаматтар құқығын қорғау болса, БАҚ-тың міндеті халықтың заңдық сауатын көтеріп, құқығының тапталмауына ықпал ету. Міне сондықтан да сот пен БАҚ арасындағы байланысқа ерекше көңіл бөлінеді.

Әсіресе, сот пен бұқаралық ақпарат құралдары арасында ақпарат алмасудың шынайы әрі уақытылы жүзеге асуын қамтамасыз ету мақсатында қалалық, облыстық соттарда арнайы баспасөз қызметтері жұмыс істейді. Аудандық соттарда да БАҚ-пен қарым-қатынасты жолға қоятын арнайы мамандар бар. Сонымен бірге соттарда БАҚ-пен жұмысты үйлестіруші судьялар белгіленген. Журналистермен етене жұмыс істеп, қойған сауалдарына дер кезінде жауап беріп, жол көрсетіп отыратын үйлестіруші судьялардың жұмысы оң бағаланып отыр. Соттың ақпаратын бұқараға жеткізу және неғұрлым резонансты істер бойынша түсініктемелер беру ісін үйлестіруші-судьялар жоғары деңгейде атқаруда.

Сот отырыстарына журналистердің қатысуына ешқандай кедергі жоқ. БАҚ өкілдерін қатыстыра отырып дөңгелек үстел, ашық есік күндерін өткізу де жолға қойылған. Бұған қоса, сот өз тарапынан журналистердің құқықтық тақырыптарды жазу шеберлігін арттыру, сот отырыстарынан ақпарат беру машығын қалыптастыру, заңдарды дұрыс қолдану негізін үйрету мақсатында тренингтер ұйымдастырып келеді. Мұндай дәрістер журналистердің жауаптылығын арттырып, оқырманға ұсынатын ақпаратын жан-жақты тексеріп алуына, әр сөзге терең мән беруіне ықпалын тигізеді.

Журналистер қаламның ұшымен, сөздің күшімен қоғамдық сананы қалыптастырып, қоғамдық ой тудырады. Осы ретте сот жұмысын насихаттайтын журналистердің бір ауыз қате пікірі теріс көзқарас қалыптастыратынын ұмытпауымыз керек. Әсіресе, сотта көпшіліктің қызығушылығын тудырған резонансты істер қаралғанда журналистерге тек бір тараптың сөзіне ғана сүйеніп ой қорытудан, сот үкімі шықпай жатып болжам жасаудан қашқан дұрыс. «Егер шындықты білгің келсе, екі жақты да бірдей тыңда» деген сөзде ақиқат бар. Өйткені, сотқа жүгінген әрбір тараптың біреуі жеңіп, біреуінің жеңілуі заңды құбылыс. Қос тараптты қатар сөйлету журналистің әділдігін ғана көрсетпейді, сонымен бірге сот жұмысының қиындығы мен күрделілігіне шынайы баға беруге әсер етеді. Осыған орай, БАҚ-пен тұрақты байланыс орнату мақсатында бүгінде ақпараттық қызметті және әлеуметтік желілердегі жұмысты күшейту, сот жұмысы туралы материалдардың сапасын жақсарту тұрақты қолға алынып отыр.

А.ИХЛАСБАЙҚЫЗЫ,
Алматы қаласы
Жетісу аудандық №2 сотының судьясы

ТАҒАЙЫНДАУ

Президенттің 2022 жылғы 26 наурыздағы Жарлығымен Қарағанды облыстық сотының төрағасы болып тағайындалған Ерден Әріповты ұжымға Жоғарғы Соттың төрағасы Жақып Асанов бейнеконференц байланыс арқылы таныстырды.

ТӨРАҒА ҚЫЗМЕТІНЕ КІРІСТІ

Кездесуге облыс әкімі Жеңіс Қасымбек, облыстық мәслихаттың хатшысы Серік Өтешов, құқық қорғау органдарының басшылары, алқа төрағалары, облыстық соттың судьялары, аудандық және оған теңестірілген соттардың төрағалары, соттар әкімшісінің басшылығы қатысты.

Жақып Асанов облыстық сот төрағасын сот корпусына таныстыра отырып, Ерден Рауанұлының судьялық қызметте көп жылдық тәжірибесі бар екенін, оның жоғары кәсібилігін атап өтті.

Жеңіс Қасымбек бұрынғы облыстық соттың төрағасы Нұрсерік Шәріповке облыстағы сот жүйесінің дамуына елеулі үлес қосқаны үшін алғысын білдіріп, жаңадан тағайындалған төрағаға сәттілік тіледі.

Жиын соңында Ж.Асанов өңірдегі судьялар корпусының алдына сот төрелігін жүзеге асыру сапасын жақсарту және судьялардың біліктілігін арттыру бойынша бірқатар міндеттер қойды.

Ерден Әріпов – отандық сот саласындағы білікті маман. Қазақ мемлекеттік университетін заңгер мамандығы бойынша бітірген Ерден Рауанұлы құқық, заң саласындағы еңбек жолын Жезқазған қалалық әділет бөлімінің нотариат бойынша аға консультанты болып бастаған. Бұдан кейін Жезқазған облыстық халық депутаттары кеңесі атқару комитетінің тұрақты комиссиялар жұмысы бөлімінің аға консультанты болған. Сот саласындағы алғашқы қадамы 1992–2000 жылдары Жезқазған қалалық сотында судьялықтан басталған. 2000–2008 жылдары Қарағанды облысы Балқаш қалалық сотының төрағасы; кейіннен Қарағанды облысы Қазыбек би ауданы №2 сотының төрағасы; Алматы қалалық сотының кассациялық сот алқасының төрағасы; Қарағанды облыстық сотының апелляциялық сот алқасының төрағасы қызметімен жалғасқан. 2015–2022 жылдары ҚР Жоғарғы Сотының судьясы қызметін абыроймен атқарды.

Жаңа қызметіне кіріскен Ерден Әріпов жақында ҚР Президентінің 2022 жылғы 26 наурыздағы Жарлығымен тағайындалған судьяларды Қарағанды облыстық сотының ұжымына таныстырды. Жарлыққа сәйкес Нұра аудандық сотының судьясы болып Анар Хасенова, Осакаров аудандық №2 сотының судьясы болып Данияр Алменов, Қарағанды қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы болып Құндыз Малдыбаева мен Айжан Пірімбетова тағайындалды. Тағайындалған судьялар салтанатты түрде ант берді.

Сот төрағасы Ерден Әріпов судьялар корпусының атынан жас судьяларды тағайындалуымен құттықтай отырып, оларды берген анттарына адал болуға шақырып, жұмыстарына табыс тіледі. Жас судьяларға Е.Әріпов Конституция, Судья әдебі кодексін және басқа да Қазақстан Республикасының бірқатар кодекстерін тарту етті.

Өз тілшіміз

ОҢ ҚАДАМ

СУДЬЯЛАР СТУДЕНТТЕРГЕ ДӘРІС ӨТКІЗДІ

Қостанай қалалық сотының судьялары құқықтық түсіндіру жұмыстарын үзбей жүргізіп келеді. Жақында судья Бахыткуль Алтынсарина Қазақстандағы адам құқықтарын қорғаудың негізгі механизмдері жайлы студенттерге ақпарат берді.

Дәріс барысында, судья, әйелдерге қатысты кемсітушіліктердің барлық формаларын жою туралы конвенцияның мақсаттарына тоқталды. Сондай-ақ, халықаралық құжаттардың отбасы жағдайына, адам құқықтары мен саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени, азаматтық немесе басқа да салаларда ерлер мен әйелдердің теңдігіне негізделетінін нақты мысалдармен түсіндіріп өтті. «Адам, оның құқықтары мен бостандығы басты құндылық болып табылады. Адамның және азаматтың құқықтар мен бостандығын қорғау және сақтау, тану – мемлекеттің міндеті» – деп, қорытындылады ойын судья Бахыткуль Алтынсарина.

Судья Мәншүк Дюсупова «Отбасылық сот» пилоттық жобасының жұмысы туралы, отбасы құрушы жұптарға АХАТ органдарына арыз беру сатысында қандай іс-шаралар қамтылатыны туралы баяндады. Дәріс барысында неке-отбасылық санаттар бойынша азаматтық істердің статистикасы талқыға салынды. Неке бұзу деректерінің көбейгенін айтқан судья қазіргі жастарға шыдамдылық пен төзімділік жетіспейтінін атап өтті.

Кездесу барысында спикерлер студенттер қойған барлық сұрақтарға жауап берді.

Қостанай қалалық сотының баспасөз қызметі

КӨЗҚАРАС

ХАТТАМАНЫҢ ТИІМДІЛІГІ ЗОР

Қазақтың көне заңдарында жазалауға емес, жауаптылықты арттыруға, кесім айтудан гөрі кешірім беруге көбірек ден қойылғанын байқау қиын емес. Мұның барлығы қазақтың болмысы бейбітшілікке жақын екенін, дауды дабырасыз бейбіт бітіруге бейім екенін көрсетеді.

С.МАХАМБЕТОВА,
Жаңаөзен қалалық сотының судьясы

Бабалардың сол бітімгершілік дәстүрі бүгін де үзіліп қалған жоқ. Керісінше, кейінгі жылдары тараптар арасында туындаған дауды татуластыру арқылы реттеуге, келіспеушілікті сотқа жеткізбей шешуге мейлінше ден қойылған. Осындай игілікті істің басы Қазақстанда «Медиация туралы» заңның қабылдануынан тамыр алғаны белгілі. «Ұрыстың арты – реніш, татулықтың арты – кеніш», «Татулық – табылмас бақыт» дегенді ұрпағының санасына құйып өсірген халқымыздың даукестіктен арылып, аталы сөзге тоқтайтынына соңғы жылдары жиі куә болып жүрміз.

Биылғы жылы қолданысқа енгізілген «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтық процестік заңнаманы жетілдіру және дауларды соттан тыс және сотқа дейінгі реттеу институттарын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңы да тараптар арасындағы татулықты сақтау тетіктерін кеңейтуге бағытталған. Қолданысқа енгізілгеніне санаулы уақыт өткенімен жаңашылдықтардың жағымды нәтижелерін көпшілік қазірдің өзінде біліп, түсініп отыр. Өйткені, бұл өзгерістің мақсаты заң үстемдігін қамтамасыз ету, азаматтардың құқығын мінсіз қорғау, тараптарды әуре-сарсаңнан құтқару және дауларды татуластыру тәртібімен шешуге негізделген.

Шындығында, дау туындаған жағдайда сот арқылы тартысқа түсу жолын емес, моральдық және материалдық ауыртпалық келтірмейтін татуласудың мүмкіндігін қолданған анағұрлым тиімді. Жоғарыдағы заңнаманың өзі осы түйткілді реттеуге басымдық береді. Азаматтық процестік заңнаманы жетілдіру, дауларды соттан тыс және сотқа дейінгі реттеу институттарын дамыту бойынша енгізілген өзгерістердің тиімділігі аз емес.

Азаматтық процестік кодекстегі жаңашылдықтардың орны бөлек. Соның ішінде, құжатта «сотқа дейінгі хаттама» жобасының қарастырылуы тараптарды ортақ келісімге келтіру мәселесіне заңды тұрғыда жан-жақты мән берілгенін көрсетеді. Сотқа дейінгі хаттаманың дауды бейбіт шешуден басқа да тиімді тұстары баршылық. Біріншіден, бұл хаттама тараптарға соттың қамқорлығын, құқықтық көмегін сезіндіреді. Өйткені, сотқа арыз келіп түскен соң сот тараптарды заңға сәйкес татуластыру рәсіміне қатысу үшін шақырады. Сонымен бірге, тараптарға сотқа дейінгі хаттаманың үлгісін ұсынады. Осы ретте судья азаматтарға дауды бейбіт жолмен шешудің баламалы тәсілдерінің мүмкіндіктерінен хабардар етеді. Жаңа өзгеріске сәйкес, судья талап қою түскеннен кейін 5 жұмыс күні ішінде құқық нормаларының жиынтығын тексеріп, талап қоюды қайтару не қабылдаудан бас тарту мәселесін шешеді. Ал татуластыру рәсімдерін жүргізу кезінде талап қоюды қабылдау 10 жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады. Бұл тетік тараптарды сотқа дейін татуластыру, дұрыс шешім қабылдау үшін қосымша уақыт беру мақсатын көздейді.

Екіншіден, сотқа дейінгі хаттаманың артықшылығы дауласқан қос тараптың өз мүмкіндігін екшеп, таразылауына көмек беруінде. Хаттама келесі жақтың дәлел-дәйегімен танысқан азаматтардың ойлануына, оң шешім қабылдауына түртпі болады. Хаттамада тараптар өз талабының немесе қарсылығының негізін, дәлелдерін сот талқылауына дайындау сатысында ұсынуы керек. Азаматтық процестік кодекстің 73-бабы 2-бөлігінде көрсетілгендей, сотқа дейінгі хаттаманы жасамаудың салдары бар. Мұны да тараптарға түсіндіру маңызды. Өйткені, тараптар сот отырысы барысында тек сотқа дейінгі хаттамада көрсетілген дәлелдемелерге сілтеме жасай алады. Егер бұл мүмкіндікті пайдаланбаса, онда сот отырысында олардың дәлелдемелерді ұсыну құқығы шектелетінін ұмытпауымыз керек.

Үшіншіден, бүгінгідей уақыттың бағасы артқан заманда «Сотқа дейінгі хаттама» тараптарға әр қадамын ойланып жасауға ықпал етеді. Егер тараптар сотқа дейінгі хаттамасыз дауды ортақ мәмілеге келу жолымен аяқтаймыз деп шешсе, сот 10 күн ішінде істі қарауға тағайындайды. Ал дауды сотқа дейінгі хаттама толтырып, бітіммен аяқтайтын болса, сот 15 күннен кешіктірмей азаматтық істі қарауды тағайындайды. Бұрын талап қою арызы бес жұмыс күні ішінде қабылданатын. Бұл да жаңа заңнаманың халық мүддесін қорғайтынын айғақтайды. Азаматтық процестік кодекске енгізілген өзгерістер татуластырушы судьяның рөлін арттырды. Талап қою түскеннен бастап татуластырушы судья тараптарға «Сотқа дейінгі хаттаманы» жіберіп, құқықтық көмек көрсетуде айтарлықтай еңбек етеді. Оның міндеті – тараптарды ортақ келісімге келтіру, дауды бейбіт шешу. Мұндай ізгі ниетті, құқықтық көмекті түсініп татуластыру тетіктерін тиімді пайдаланып жатқандардың қатары өсіп келеді. Жаңаөзен қалалық сотында да дауды бітіммен бітіруге ынталылар көбейген. Ізгі бастама алдағы уақытта да жалғасып, елімізде даукестік азаяды, татуласуға шешім қабылдаған тараптар көбейеді деп сенеміз.

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

САЙЫС

КӨҢІЛДІ ТАПҚЫРЛАР АЛАҢЫ

Алматы қаласы ҚАЖ департаментіне қарасты ЛА-155/6 мекемесінде көңілді тапқырлар сайысы өтті. Оған әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің «Айжан» командасы мен ЛА-155/6 мекемесінің «Sabziro» және «Айқай шоу» командалары қатысты.

Үш турдан тұратын жарысқа қатысушылар алдымен сәлемдесу, жаналықты жеткізу, үй тапсырмасын орындау бойынша дайындап келген көріністерін көпшілікке ұсынды. Сайысқа төрелік еткен қазылар құрамында Алматы технология және флористика колледжінің оқытушысы Аспандияр Алимкулов, Жамбыл атындағы қалалық жасөспірімдер кітапханасының бөлім меңгерушісі Шарайна Құмарова, «QAZAQSTAN JASTARY» қоғамдық қорының жоба ұйымдастырушысы Нұржау Мадимен бірлесіп №2 кәсіптік мектеп директорының орынбасары Жасұлан Қасымов, «Халықаралық Қауымдастық әлеуметтік жобасының» өкілі Масаты Қасымжановалар болды.

Тартысты өткен додада 1-орынды «Айқай шоу» командасы, 2-орынды «Sabziro» командасы қанжығасына байлады. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің «Айжан» командасы 3-орынға табан тіреді.

Осы іс-шараның жақсы өтуіне атсалысқан командаларға қазылар алқасы кітап және сыйлықтар табыс етті. САӘПТЖБ бөлімінің бастығы, әділет майоры Шынар Кулжанова колледж студенттері, басшыларына мекеме бастығының атынан алғыс айтты. Осындай іс-шаралардың жиі өтуі жазасын өтеуші жасөспірімдерге оң әсерін тигізері анық.

Еркегүл ЖЕҢІСХАН,
ЛА-155/6 мекемесі

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

«АРҚАДА ҚЫС ЖАЙЛЫ БОЛСА, АРҚАР АУЫП НЕСІ БАР?!»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Статистика бүгінгі таңда 170 ресейліктің Қазақстанның азаматтығын алуға өтініш бергенін айтады. Уақытша тұруға сұранып жатқан адамдардың саны өсу үстінде. Олардың да дені ресейлік. Қазіргі таңда 1055 адам елімізде уақытша тұру ниетін ресми түрде танытты. Ал Украинадан келген азаматтар арасында мұндай өтініш иелері әзірге 7. Бұл жөнінде осы сәрсенбіде өткен Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне халықтың көші-қон саласындағы заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасының қаралуы барысында Ішкі істер вице-министрі Марат Қожаев мәлімдеді. Бұл жағдайға депутаттар алаңдаушылық білдірген еді. Әйтсе де, оның айтуынша, келушілер соншалықты көп емес. 2020 жылы пандемия кезінде біздің шекарамыздың жабылуына орай сырттан келушілер саны азайғанымен, одан арғы 2018–2019 жылдары келушілер саны үш есе көп болған. Ол кездерде жылына 350-360 мыңдай адам кіріп, шығып тұрған. Мәселен, 2019 жылы 200-ден астам ресейлік азамат азаматтық алу туралы өтінішпен келген. Ал, биыл уақытша тұруға ниеттілер расында көп. Еске алған жылдарда бір тоқсан ішінде 350-400 адам сұранып тұрса, жоғарыда айтылғандай, небары бір-екі ай ішінде олардың саны мыңнан асып кетті. Вице-министр миграциялық үдерістердің сәуір айынан бастап іске қосылған э-қонақ жүйесі арқылы жіті бақыланып отырғандығын айтты.

Келіп жатқандармен қатар еліміздан кетіп жатқандар қатары да аз емес. 2021 жылы олардың саны 32 мыңнан астам болып, 2020 жылға қарағанда 16 пайызға артыпты. Ең өкініштісі 8584-і жоғарғы білімі бар жастар және еліміз үшін ең қажетті мамандық иелері. Таратып айтар болсақ, 5 мыңнан астамы техникалық, 2 мыңнан астамы педагогикалық, ал мыңға жуығы медицина мамандары. Алаңдатарлығы сол, мұндай азаматтардың қатары жылдан-жылға артып барады. «Арқа жылы болса, арқар ауып несі бар» дегендей, бұған әрине, елдегі әлеуметтік жағдай әсер етіп отырғаны анық. Көпшілігі үшін өз мамандықтары бойынша табысы сапалы өмір сүруге жететін жұмыс табу қиын. Енді Ресейден мигранттың ағыла бастауы еңбек нарығындағы жағдайды күрделендіріп жібермесін деген депутаттардың алаңдаушылығы орынды. Осы тұрғыда біздің тиісті заңдарымыздың елдің мүддесіне сай болуы өте өзекті.

Қаралып отырған заң жобасы Парламент Мәжілісі депутаттарының бастамашылығымен дайындалыпты. Отырыста оны қорғаған депутат Ғазиз Құлахметовтың айтуынша, мақсат – адам құқықтарын қорғау үшін қолданыстағы заңнамаларды ҚР Конституциясына сәйкестендіру, ұлттық қауіпсіздік және қоғамдық қауіпсіздік мәселелерін шешу, Қазақстан азаматтарының мүддесін қамтамасыз ету, көші-қон мәселелерінде мемлекеттік реттеуді жақсарту, құқықтық олқылықтарды жою. Атап айтқанда, бұл құжатта халықты құжаттандыру процедураларын оңтайландыратын және кейбір заңнамалық актілердегі ескерілмеген тұстарды жүйелейтін ұсыныстар көзделді.

Тағы бір өзгеріс Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабының төртінші бөлігінде көрініс тапқан талапқа орай жасалды. Онда қорғалуға құқығы бар куәға анықтама беріледі, ол қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адам ретінде арыз иесі тікелей көрсететін адам болып есептеледі. Осыған байланысты «Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» заңның 4-бабының үшінші бөлігіне түзету енгізу және оны «қорғалуға құқығы бар куә» ұғымымен толықтыру, сондай-ақ, осы баптың аталған бөлігіне «осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілгендерден басқа» деп ескертпе қосу ұсынылды. Өйткені, қаралып отырған баптың үшінші бөлігінің қолданыстағы редакциясы бойынша, тіпті, ҚР тұрақты тұратын, қандай да бір себептермен қылмыстық іс жүргізу орбитасына түскен шетелдіктердің немесе азаматтығы жоқ адамдар уақытша тұратындар санатына ауысады.

«Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» заң жобасына да түзету жасалды. Бұл құжаттың 22-бабының 7-тармақшасын нақтылау сипатындағы түзетулер ұсынылып, қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамға әкімшілік іс шара емес, қылмыстық жаза тағайындау тетігі дәйектеліп отыр.

Тағы бір жаңалық, он алты жасқа дейінгі балаларға қатысты енгізіліпті. 2020 жылдан бастап бұл жеткіншектердің аты-жөндерін ҚР тыс жерлерге шыққан кезде ата-аналарының паспорттарына жазуға және фотосуреттерін жапсыруға болмайды, осыған байланысты шетелге шыққан кезде балаларға жеке паспорт ресімдеу талап етіледі. Бұл отбасылардың қаржылық шығынын өсіріп отыр. Сондықтан жаңа құжат бойынша балаларға арналған «киндер» деп аталатын паспорттарды беру жөніндегі халықаралық тәжірибені және балалардың сыртқы келбетінің тез өзгеретінін ескере отырып, 12 жасқа дейінгі балаларға арналған паспорттың қолданылу мерзімін – 5 жылға дейін қысқарту, 12 жастан – 16 жасқа дейінгі балаларға (осы кезеңде баланың сыртқы келбеті барынша қалыптасқанын ескере отырып) паспорттың қолданылу мерзімін бұрынғы қалпында – 10 жылға қалдыру ұсынылды. Осыған байланысты кәмелетке толмаған балаларға берілетін паспорттар үшін мемлекеттік баж салығы 8 АЕК-тен 4 АЕК-ке дейін төмендетілмек.

«Босқындар туралы» заңға жасаған түзету бойынша пана іздеген адамдар мен босқындар ҚР аумағындағы тұрғылықты жері өзгерген кезде есептен шығып, уәкілетті органда тіркелуге және жаңа тұрғылықты жеріне келген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде есепке тұрып, тіркелу міндеттілігі айқындалды. Пана іздеген адамдарды ҚР аумағындағы тұрғылықты жері бойынша тіркеудің тиісті тәртібін бекіту жөніндегі құзыретті ҚР Ішкі істер министрлігіне беру қажет деп ұйғарылып отыр.

Депутаттар «Төтенше жағдай туралы» заңға енгізілген 18-баптың бірінші тармағы бойынша азаматтарға мерзімі өтіп кеткен құжатты төтенше жағдай кезінде пайдалануға берілген рұқсаттың оның үшінші тармағы бойынша электронды құжаттарға немесе тұлғаларға қосымша міндеттер жүктейтін құжаттарға жүрмейтіндігіне алаңдаушылық білдірді. Бұл ретте олар «Қаңтар оқиғасында» ғаламтор жүйесінде болған қолайсыздықтарды еске алды. Осындай жағдайларда аталмыш құжаттарды беретін мемлекеттік органдар жұмысында да кедергілер туындау мүмкіндігіне, сонымен қатар бұл норма өз міндетіне адал емес шененуніктер үшін лицензия иелерінің заңды қызметіне шектеу қою қаупіне назар аударды. Заң жобасын жасаушылар мәселенің орынды көтерілгендігін, алдағы уақытта қарастырылып, тиімді шешімге келуге дайын екендіктерін білдірді.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

ЭКОНОМИКА

ИНВЕСТИЦИЯНЫҢ БАСЫМ БӨЛІГІ ӨНЕРКӘСІПКЕ ЖҰМСАЛАДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мәселен, биыл бұл инвестицияның 751,7 млн теңгесі ғимараттар құрылыс-монтаждау жұмыстарына; 315,1 млн теңгесі жабдықтарды және көлік құралдарын сатып алуға және күрделі жөндеуге; 230,4 млн теңгесін өзге де шығындар құрады.

Инвестиция тарту жағынан Атырау облысы (387, 7 млн теңге) мен Алматы қаласы (135, 6 млн теңге) республика өңірлері арасында көш бастап тұр. Бұл тізімді Жамбыл (28,3 млн теңге) мен Солтүстік Қазақстан (25,2 млн теңге) облыстары түйіндейді.

2021 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда биыл ең жоғары өсім Қызылорда облысы (147,1%) мен Шымкент қаласында (142,8%), ең төменгі өсім Түркістан (77 %) мен Қарағанды облыстарында (54,1 %) тіркелді. Негізгі капиталға салынған инвестиция биыл Қызылорда облысында 38, 4 млн, Шымкент қаласында 39 млн, Түркістан облысында 31, 6 млн, Қарағанды облысында 55, 6 млн теңгені құрады.

Шикізаттық емес секторлардың негізгі капиталына салынған инвестиция мемлекеттік бюджеттен бөлінген қаржыны қоспағанда қаңтарда елімізде 291, 5 млн теңгені құрады. Онда ең жоғарғы көрсеткіш Алматы қаласында (51,2 млн теңге) ең төменгі көрсеткіш Батыс Қазақстан облысында (4,1 млн теңге) болды. Өткен жылдың қаңтарымен салыстырғанда ең жоғары өсім Солтүстік Қазақстан (9,7 есе) мен Атырау (3,8 есе) облыстарында, ең төменгі өсім Ақтөбе (58,2 %), Түркістан (34,4%) облыстарында тіркелді.

Биыл алғашқы айда халықтың жан басына шаққандағы негізгі капиталға салынған инвестицияның көлемі республикада 32,1 мың теңгені құрады. Ал бұл көрсеткіш Атырау (318 мың теңге) мен Ақмола (53,8 мың теңге) облыстарында өте жоғары болса, Жамбыл (8,2 мың теңге), Алматы (7 мың теңге), Түркістан (5,8 мың теңгені) облысында өте төмен болды. Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда ең жоғары пайыздық өсім Солтүстік Қазақстан облысы (163,1 %) мен Шымкент қаласында (136,4 %), ең төменгі өсім Түркістан (44,9 %) мен Қарағанды (62,3%) облыстарында тіркелді. Жан басына шаққандағы негізгі капиталға салынған инвестицияның көлемі биыл Солтүстік Қазақстанда 23,4 мың теңге, Шымкент қаласында 17,6 мың теңге, Түркістан облысында 5,8 мың теңге, Қарағанды облысында 20,4 мың теңгені құрап, республикалық орташа көрсеткіштен төмен болғанын ескерсек, бұл аймақ басшыларының жұмысына үлкен сын болуы тиіс.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

Серік АЛПЫСОВ,
қаржы полициясының отставкадағы полковнигі, заңгер, экономист:

– Инвестиция туралы айтқанда оның тиімділігі мәселесі туындайды.

Оның қаншалықты тиімді-тиімсіз болғанын әрбір жобаның паспортына қарап, не істелді, не істелмеді дегенді салыстыру арқылы оңай анықтауға болады. Мәселен, Қазақстан егемендік алғаннан бері шетелден 365 млрд доллар тікелей инвестиция әкелді. Олардың басым бөлігі экономикаға салынған. Яғни бұл экономиканың өсуіне ықпал етіп, жалпы ішкі өнімнің көлемі 2-3 есе өсуі керек еді. Бір сөзбен айтқанда бүгінгі ЖІӨ көлемі 170 млрд емес 700 млрд долларды құрауы керек болған. Біздікі өсудің орнына 2 есе азайған.

Оның бірінші себебі, меніңше мұнда үлкен коррупция бар. Мамандардың өзі сыртқа шыққан қаржыны 160 млрд доллар деп отыр. Американдық Дурис Алвин деген зерттеуші ғалым 2012 жылға дейін Қазақстаннан 159 млрд доллар шетелге шығарылды дейді. Соңғы 10 жылда жылына 5-6 млрд доллар шығарылды деген күннің өзінде, бұл 200 млрд долларды құрайтыны анық. Екінші, валютамен келген инвестиция өндіргіш құралдарды алуға, зауыт-фабрикаларды салуға, өндіруші құралдарды өзімізден шығаруға пайдаланылған жоқ. Мәселен, 2020 жылы сатып алған 38 млдрд доллардың импорттық тауарының 0,5 пайызын ғана құрал-жабдық құрайды.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

ЕУРОПАРЛАМЕНТ ДЕЛЕГАЦИЯСЫ – ҚАЗҰУ-да

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетіне Еуропалық Парламент делегациясы арнайы сапармен келді. Мәртебелі меймандар ҚазҰУ-дың Басқарма төрағасы – ректор Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ бастаған оқытушы-профессорлар құрамы және студенттерімен кездесті.

Еуропарламент өкілдері алдымен «Әл-Фараби» музейін аралап, қарашаңырақ тарихына қанықты. Сонымен қатар қонақтарға ҚазҰУ жанындағы Пан Ги Мун институтының қызметі баяндалып, оқу орнының даму жоспары таныстырылды.

Делегация құрамына «Қазақстан Республикасы – Еуропалық одақ» Парламенттік ынтымақтастық комитетіндегі Еуропалық Парламент делегациясының төрағасы, Көлік және туризм комитетінің 3-ші вице-төрағасы Андрис Америкс (Латвия), елші, ҚР ЕО өкілдігінің басшысы Кестутис Янкаускас, ҚР-ЕО Парламенттік ынтымақтастық комитетіндегі Еуропалық Парламент делегациясының мүшесі, ЕП Сыртқы істер комитетінің мүшесі Франциско Миллан-Мон (Испания) және басқа да ұйым мүшелері кірді.

Жансейіт Түймебаев 2010 жылдан бастап Қазақстан Болон процесінің толыққанды мүшесі және Жоғары білімнің еуропалық кеңістігінің қатысушысы мәртебесіне ие екенін атап өтті. Қазіргі уақытта ол Болон процесінің бақылау тобының тең төрағасы болып табылады. ҚазҰУ әлемнің 500-ден астам үздік және жетекші университеттерімен ынтымақтастықта, көптеген ірі халықаралық ұйымдардың құрамына кіреді және білім беру бағдарламалары мен ғылыми бағыттарының ауқымы аса кең. 16 қосдипломды білім беру бағдарламасы Еуроодаққа мүше 10 елдің жоғары оқу орындарымен бірлесіп іске асырылуда. ҚазҰУ-дың сегіз факультеті Еуроодақ елдерінің 13 серіктес жоғары оқу орнымен ынтымақтастық орнатқан. Университетте 92 білім беру бағдарламасы ағылшын тілінде оқытылады.

Қарашаңырақ БҰҰ-ның «Академиялық ықпал ету» бағдарламасының тұрақтылық жөніндегі жаһандық хабы ретінде мақсатты түрде жұмыс істеп, оқытушы-профессорлар қызметін интернационалдандыру жолымен ғылыми-білім беру бағдарламаларының деңгейін арттыруда.

ҚазҰУ-да жекелеген еуропалық елдермен ынтымақтастық жөніндегі орталықтар табысты жұмыс істеуде. Ректор сөз соңында: «Біз Қазақстанның Еуропалық одақпен халықаралық мәдени-білім беру ынтымақтастығын интеграциялау және дамытуға аса мүдделіміз. Осылайша ҚазҰУ еуропалық елдермен ғылыми зерттеулерді дамыту саласындағы ынтымақтастыққа өз үлесін қосады», – дей келе, бұл кездесудің өзара ықпалдастықты нығайта түсеріне зор сенім білдірді.

Андрис Америкс: «Біз әртүрлі елдерден келдік, бірақ бәріміз еуропалықпыз. Біз бірліктен әртүрлілікке дейінгі бірегей процестерді бірге өткізудеміз, ортақ бірегейлікке иеміз. Біз еуропалық ұлттардың терең тарихымен бөлісіп, Еуроодақ қағидаларын Қазақстанға жеткізу үшін келдік. Күрделі геосаяси ахуалға қарамастан, негізгі қиындықтарды еңсере алған елге барлық жақсылықты тілегіміз келді. Сіздердің елдеріңіз азаматтық қоғамда маңызды рөл атқаратын мәдениетаралық диалог пен адам құқықтарын қолдауға септігін тигізеді деп үміттенеміз», – деген пікір білдірді.

Франциско Миллан-Мон жиналғандарға, әсіресе, жастарға Еуропарламент қызметіне қызығушылық танытқаны үшін алғысын білдірді. Ол өз сөзінде ҚР Президенті Қ.Тоқаев бастаған реформалардың дер кезінде қабылданғанына тоқтала келе, ҚазҰУ жетістіктерін жоғары бағалады. «Университет шығыстың ұлы ұстазы әл-Фараби мұрасын сақтай білді, сонымен бірге болашаққа сеніммен қарайды, цифрландыру жұмыстарын жүргізуде. Сіз халықаралық университеттермен тығыз байланыс орнықканы туралы, еуропалық өркениет қағидалары мен БҰҰ құндылықтары жайында баяндадыңыз. Орталық Азияда ғана емес, сонымен қатар Еуроодақ елдеріне де танымал университетке толағай табыстар тілеймін», – деген лебізін жеткізді.

Сондай-ақ жүздесуге ҚР Парламенті Мәжілісінің Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрайымы Айгүл Құспан қатысып, Еуроодақ жұмысына көрсеткен қызметі үшін алғысын жеткізді.

Кездесу барысында студент жастар сұрақтар қойып, делегация мүшелерінен тұшымды жауаптар алды. Қатысушылар өзара ықпалдастықтың перспективалық бағыттары туралы ой бөлісіп, ынтымақтастықтың маңызды мәселелері бойынша пікір алмасты.

Шара соңында құрметті қонақтар студенттермен естелік суретке түсті.

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың баспасөз қызметі

МІНБЕР

ҚОҒАМ **ДАУСЫЗ** БОЛМАЙДЫ

Қай кезде де қоғамның даусыз болмайтыны анық. Осындайда ақылды ұмыттырып, ашуға бой алдырғаннан туындаған дауларды соттың таразысына салуға асығатынымыз бар. Мемлекет басшысы «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында дау-дамайды шешудің баламалық тәсілдерін дамыту қажеттігін, бұл ұстаным мемлекеттің қатысуынсыз-ақ ымыраға келуге жол ашатынын, дамыған елдерде мұндай институттар өзін-өзі толық ақтағанын айтқан еді.

Шындығында, медиация түсінігі XX ғасырдың екінші жартысында АҚШ, Австралиядан бастау алған, содан кейін Еуропаға таралған. Алғашында аталған рәсіммен бұл елдерде отбасылық қатынастағы даулар оң шешімін тапқан. Уақыт өте келе коммерциялық және жария-құқықтық саладағы көп тарапты күрделі дауларды шешуде медиация табысты жүзеге асырылған. Бүгінде бұл елдерде медиация қолданылған даулардың 70-90 пайызы сотсыз, бітіммен аяқталады екен.

Біздің елімізде 2011 жылы «Медиация туралы» заң қабылданды. Осы орайда, бұрын қазақ даласындағы даулардың бейбіт жолмен би-шешендердің араласуымен шешіліп отырғанын атап өткен жөн. Мұндайда белгілі заңгер, академик Салық Зимановтың «Қазақтың билер соты өзіне жүгінген тараптардың дауларын қарастыра отырып – даласушылардың, рудың арасындағы бітімгершілікке және бірлікке қол жеткізуге тырысатын», – деген сөздері еріксіз еске түседі.

Медиацияның басты мақсаты – дауды шешудің қос тарапты да қанағаттандыратын нұсқасына қол жеткізіп, даласушылық деңгейді төмендету. Сондай-ақ, медиация еріктілік, тараптарының тең құқылығы, медиатордың тәуелсіздігі мен бейтараптылығы, араласуға жол бермеушілік, құпиялылық қағидаттары негізінде жүзеге асырылады.

Бүгінгі таңда елімізде жеке және заңды тұлғалардың белгілі бір мәселе бойынша дау туындай қалған жағдайда оны соттан тыс, өзара келісім жағдайында шешуге мүмкіндігі зор. Бітімгершіліктің қолданысын кеңейту мақсатында өңірде медиация кабинеттері, татуласу орталықтары ашылды. Одан бөлек, Билер кеңесі құрылды. Татуластыру ұғымы қолданысқа енген алғашқы жылдары республикада 2-3% іс ортақ келісіммен аяқталатын. Ал, қазір бұл көрсеткіш 34%-ға дейін жеткен. Осылайша, елімізде әрбір үшінші істе тараптардың бітімге келуі қуантарлық.

Сондай-ақ, елімізде «Сотқа дейінгі хаттама» атты жоба пилоттық режимде сынақтан сәтті өткізіліп, Азаматтық процестік кодекске «сотқа дейінгі хаттама» жасау бойынша толықтырулар енгізілді. Татуластырушы-судья талап қою түскен күннен кейін келесі күннен кешіктірмей тараптарға сотқа дейінгі хаттама жасау құқықтарын, артықшылықтарын түсіндіре отырып, татуластыру рәсіміне қатысуға шақыру жібереді. Тараптар келіскен жағдайда, оларға сотқа дейінгі хаттаманың нысаны ұсынылып, рәсімдеу мерзімі белгіленеді. Сотқа дейінгі хаттамада тараптар дәлелдемелерді көрсетіп, дауды өзара келісіммен реттеудің нұсқаларын береді. Аталған кодекске енгізілген мұндай жаңғыртулар судьяға кез келген істі жеңілдетілген тәртіпте қарауға мүмкіндік берді. Қорыта айтсақ, татуласу кез келген дауда түйін тарқатудың ұтымды әдісі.

Айдарбек ТЛЕНОВ,
Маңғыстау облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының төрағасы

ПӘРМЕН

КЕСЕЛМЕН КҮРЕС – ЕЛДІККЕ ҮЛЕС

Әлем халқын толғандыратын өзекті мәселенің бірі – сыбайлас жемқорлық. Сыбайлас жемқорлық қоғаммен бірге жасасып келе жатқан, жойылуы қиын, жан-жағына үлкен қатер төндіруші құбылыс.

Тарих парақтарын ақтарғанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің дамылсыз жүргеніне, түрлі әдістердің қолданылғанына куә боласыз. Сонда көзіміздің жеткені – жемқорлықпен бүкіл халық болып бірлесе күрескенде ғана жақсы нәтижеге жетуге болады.

Елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес барысында арнайы заң қабылданып, ол уақыт талабына сай күрделі өзгерістерге ұшырап отырды. 1998 жылы қабылданған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заң тәуелсіз еліміздің дамуы, нығаюы жолында өз рөлін атқарды. Бүгінгі заманның көптеген талаптары ескеріле отырып 2015 жылы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заң қабылданды. Заңның 1-бабына сәйкес, сыбайлас жемқорлық деп – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алуды айтады.

Сондай-ақ, заңның 24-бабына сәйкес, дайындалып жатқан, жасалатын немесе жасалған сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылық туралы ақпаратқа ие адам бұл туралы жоғары тұрған басшыға және мемлекеттік органның өзі қызметкері болып табылатын ұйымның басшылығына және уәкілетті мемлекеттік органдарға хабар береді. Ал, жоғары тұрған басшы, мемлекеттік органның, ұйымның басшылығы, уәкілетті мемлекеттік органдар сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылық туралы келіп түскен хабар бойынша Қазақстан заңдарына сәйкес шаралар қабылдауға міндетті. Сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзгеше түрде жәрдем көрсететін адам мемлекет қорғауында болады және Қазақстан Үкіметі белгілеген тәртіппен ынталандырылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін адам туралы ақпарат мемлекеттік құпия болып табылады және заңда белгіленген тәртіппен ұсынылады. Көрсетілген ақпаратты жария ету заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодекстің 680-бабында мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын қабылдамауына қатысты жауаптылық қарастырылған. Осы бапқа сәйкес, мемлекеттік органдар, Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен

әскери құрылымдары басшыларының не жауапты хатшыларының немесе ҚР Президенті айқындайтын өзге де лауазымды адамдардың өз өкілеттігі шегінде Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының бұзушылықтарын жою бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға кінәлі, өздеріне бағынысты адамдарға қатысты шаралар қабылдамауы не көрсетілген шараларды Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын бұза отырып қабылдауы, не кінәлі адамдардың тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік кіріс органдарына тиісті ақпаратты ұсынбауы – жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Бұл өте ауқымды тақырып болғандықтан ойға оралған мәселенің барлығын осы мақаланың аясында қамту мүмкін емес. Қорыта айтқанда – сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес дамылсыз, тоқтаусыз жүргізілгенде ғана нәтижелі болмақ.

Е.ЖЕТКЕРГЕН,
Байғанин аудандық сотының төрағасы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

СОТ СӨЙЛЕСІН

САЙЛАУ – ҚҰҚЫҚ ЕРКІНДІГІНІҢ КЕПІЛІ

Сайлау – кез келген мемлекеттегі құқық еркіндігінің, жариялылықтың, өркениеттің белгісі. Қазақстанда да сайлау жүйесінің өзіндік тарихы бар. Біздің елімізде бұл мәселе демократиялық құндылықтарды басшылыққа ала отырып шешілген. Сайлау елді басқаруға қатысу құқығы, сайлауда дауыс беру және сайлану құқығы, мемлекеттік қызметке тең қолжетімділік құқығына сүйене отырып жүргізіледі.

Мұндағы негізгі талаптар еліміздің Ата Заңынан бастау алады. Конституцияда мемлекеттік билікті ұйымдастырудың негізгі қағидаты ретінде – ерікті сайлау жолы таңдалып алынған болатын. Сонымен бірге, сайлауға қатысты құқықтық қадамдар 1995 жылғы қыркүйекте қабылданған «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» конституциялық заңында жан-жақты реттелген.

Бұл заңнамалар мемлекеттік биліктің бірден-бір көзі – халық екенін дәйектеп, ел азаматтарының тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына қарамастан мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары сайлауға қатыса алатыны көрсетілген. Сәйкесінше Қазақстанның азаматтары сайлануға, сондай-ақ, республикалық референдумға қатысу құқығына ие. Тек мұндай мүмкіндікті сот іс-әрекетке қабілетсіз деп таныған, сондай-ақ, сот үкімімен бас бостандығынан айыру орындарында отырған азаматтар ғана пайдалана алмайды.

2021 жылдың шілдесінен бастап қолданысқа енгізілген Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі сайлау құқығына байланысты заң бұзушылықтарды реттеуге мүмкіндік беретін жаңа құжат. Қазақстанда әкімшілік әділет институтының енгізілуіне жол ашқан бұл кодекс құқықтық салаға үлкен бетбұрыс жасады. Соның нәтижесінде республикамызда 21 жаңа Әкімшілік сот құрылып жұмыс істеуде. Қызметке кіріскеніне он ай толған әкімшілік соттарда бүгінде бірыңғай тәжірибе қалыптасып келеді. Елдің мүддесін көздеп, көпшіліктің сөзін сөйлейтін әкімшілік соттарға халықтың ықыласы, пікірі оң. Әрине, жаңа соттардың әлі де жұмысын жетілдіріп, шыңдай түсетіні түсінікті. Өйткені, шеберлік пен кәсібилік тәжірибе мен ізденудің арқасында келеді.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің 25-тарауы «Сайлауға, республикалық референдумға қатысатын азаматтар мен қоғамдық бірлестіктердің сайлау құқықтарын қорғау туралы әкімшілік істер бойынша іс жүргізу» тәртібін белгілеуге бағытталған. Жалпы, әкімшілік әділеттің мақсаты жеке және заңды тұлғалардың жария-құқықтық даулардағы құқығын қорғауды көздейді. Соның ішінде, ел өмірінде ерекше маңызы бар сайлау додаларында ортақ тәртіптің сақталуына, мемлекеттік органдардың өздеріне жүктелген міндетті үлкен жауаптылықпен атқаруына бүкіл халықтың назар аударатыны түсінікті. Сайлаудағы заңсыздықтар, мемлекеттік органдардың әрекеті мен әрекетсіздігі бүкіл биліктің жұмысын жоққа шығарып, сенімге қиянат жасауға ықпал ететінін ұмытпауымыз керек. Сондықтан, сайлау кезіндегі мемлекеттік органдар қызметіне жауаптылықтың Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексте белгіленуі өте ұтымды қадам.

Кодекстің 162-бабында талап қоюды беру тетігі көрсетілген. Осы бапқа сүйене отырып сайлау немесе сайлану, сайлауға, референдумға қатысу құқығы бұзылды деген азаматтар әкімшілік сотқа талап қоюды беруге құқылы. Ең бастысы мемлекеттік органның, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органының, сайлау комиссиясының, кәсіпорынның, ұйымның, олардың лауазымды адамдарының шешімімен, әрекетімен (әрекетсіздігімен) келіспегенін көрсетуі керек.

Жаңа кодексте сайлауға, республикалық референдумға қатысатын азаматтар мен қоғамдық бірлестіктердің сайлау құқықтарын қорғау тетігі де қарастырылған. Бұл құжаттың 163-бабына сүйене отырып жүргізіледі. Осы баптың 1-бөлімінде дәйектелгендей, сайлауды, республикалық референдумды дайындау және өткізу кезеңінде, сондай-ақ, дауыс беру күнінен бастап бір ай ішінде келіп түскен талап қою бес күнде, ал дауыс беру күніне дейін бес күнге жетпейтін мерзімде, дауыс беру күні және сайлаудың, республикалық референдумның қорытындылары жарияланғанға дейін келіп түскен талап қою дереу қаралады. Сондай-ақ, сайлаушылардың тізімін түзету қажеттігі туралы сайлау комиссиясының шешіміне шағым жасау туралы талап қою да сотқа келіп түскен күні қаралуы тиіс. Мұның өзі, құжатта сайлау додаларындағы құқықбұзушылықтарды жедел шешу көзделгенін көрсетеді.

164-баптың 1-бөлігінде белгіленгендей, сот талап қою негізді деп таныған жағдайда соттың шешімі бұзылған сайлау құқығын қалпына келтіру үшін негіз бола алады. Сонымен бірге, бірінші сатының шешіміне шешім көшірмесі табыс етілген күннен бастап үш күн ішінде апелляциялық шағым беру қарастырылған. Ал апелляциялық сатыдағы соттың қаулысына шағым жасауға және наразылық білдіруге болмайтынын да қаперде ұстаған жөн.

Заңды күшіне енген соттың шешімі тиісті мемлекеттік органға, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органына, кәсіпорынға, ұйымға, сайлау комиссиясының төрағасына жіберіледі. Сот шешімінің орындалмауына кінәлі лауазымды адамдар заңда белгіленген жауаптылықта болады.

Осыдан көріп тұрғанымыздай, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексте сайлауға, республикалық референдумға қатысатын азаматтар мен қоғамдық бірлестіктердің сайлау құқықтары толық қорғалған.

С.КУСЕМБАЕВА,
Түркістан облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

ГЕНДЕРЛІК САЯСАТ

ТЕҢДІК ТЕК ҚҰЖАТҚА **ТӘУЕЛДІ ЕМЕС**

Гендерлік саясат туралы қоғамда сан түрлі пікір бар. Бірі оны жақтаса, бірі даттап жатады.

Бүгінде гендерлік мәселеге қоғам тарапынан көп назар аударылуда. Біздің халқымыз ер-азаматты шаңырақ иесі десе, әйел-ананы отбасының алтын қазығы деп бағалаған. Бұрын «әйел теңдігі» ұғымы мәселе болса, бүгінгі күні ол «гендерлік теңдік» деген үлкен саяси ғылымға жалғасқан. Әйелдер қай салада қызмет етпесін, еңбекқорлығымен, жауаптылығымен жұртшылық құрметіне бөленуде. Мемлекеттік қолдаудың нәтижесінде әйелдердің қолы тимеген сала жоқ десек артық айтқандық емес. Мемлекет қайраткері, батыр, ел басқарушысы болған көрнекті әйел тұлғалар қаншама. Бұл елімізде әйелдер қауымының гендерлік теңдікке біршама қол жеткізгендігін білдіреді. Дегенмен, гендерлік теңдікке толықтай қол жеткізу үшін заңнамалық құжаттардың күші жеткіліксіз, өйткені, бұған негізінен халықтың менталитеті, ділі және дәстүрі ықпал ететіні сөзсіз.

Егемен Қазақстанның тәуелсіз қыздары әлемдік деңгейде дамып, өркениеттік мәдениеттен тиесілі өз орындарын тауып, саясатты да, бизнесті де, ғылымды да жан-жақты меңгеріп, қоғамның барлық саласына ер азаматтардан қалыспай, белгілі дәрежеде ірі қайраткерлер есебінде қызметтер атқарды және атқарып келеді. Қоғамымыздың дамуында әйелдердің рөлін бұдан әрі дамыту үшін жаңа мүмкіндіктер ашатын шешімдер және гендерлік саясатты әрі қарай жалғастыру маңызды. Гендерлік саясат қоғамдық ахуалдың алғы шебінде жүретін нәзік те мейрімді әйелдер қауымының тұғырын бекітеді әрі елімізде демократияны, теңдікті, әділеттілікті орнықтыратыны сөзсіз.

Е.ТІЛЕУБАЙ,
Қызылорда облысы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының жетекші маманы

№30 (3458)
15 сәуір 2022
zangazet@mail.ru
ЗАҢ газеті

Мейрамгүл НҮСІПБЕКОВА, *үздік педагог:*

«ДАРЫНДЫ, ТАЛАНТТЫ ҰРПАҚТЫ КЕМТАР ЕТІП ЖАТЫРМЫЗ»

– Мейрамгүл Барқазатқызы, соңғы кездері елдегі білім бағдарламаларына көп сын айтылып жүр. Жалпы, қазақстандық білім беру жүйесі жайлы сіздің пікіріңіз қандай? Тәуелсіздік жылдарынан бергі оқу бағдарламасының қандай жетістігі мен кемшілігін атап көрсетер едіңіз?

– Қазақстандық білім беру жүйесі даму үстінде, білім беруді жетілдіру мақсатында жүргізіліп отырған ауқымды іс-шаралар жетерлік. Мен тек мұғалімге қатыстысын ғана атап өтейін. Мектептегі білім беру мазмұнын жаңартудағы мұғалімнің атқаратын маңызды рөлін ескере отырып, еліміздің педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілді. Қазақстанның әр өңірінде «Назарбаев зияткерлік мектебі» автономдық білім беру ұйымы негізінде педагогикалық шеберхана орталықтары ашылды, олар Кембридж университетінің білім беру факультетімен бірігіп білім беру ұйымдарының басшылары және педагогтарының біліктілігін арттыру негізінде үш деңгейлік бағдарлама құрастырды. Ол мұғалімдердің кәсіптік біліктілігін дамытуға негізделді. Заманауи мектепті басқару мен әр баланың мүмкіндігін ашуға қабілетті, ерекше ойлайтын, заманауи білім беретін әдістер мен технологияларды қолданатын, өз пәнін жетік білетін, жаңа формация педагогын қалыптастырды. Тәуелсіздік жылдарындағы білім саласының бір жетістігі – сабақ беру тәсілдерін жаңжақты жетілдірді, мектеп мұғалімі өз тәжірибесіне зерттеу, талдау жасай алатын деңгейге көтерілді.

Тәжірибе көрсеткендей, деңгейлік бағдарламалардың негізгі идеясы – мұғалімдердің кәсіптік біліктілігін дамытуға бағытталған. Өкінішке қарай, бұл үрдіс мұғалімдер курстан өткен кезде қарқынды жүргізілді де, бірте-бірте оны жүзеге асыруда мұғалімдер көптеген кедергілерге ұшырады. Ол кедергінің басы – сабақ беру тәсілдері жетілгенімен, пән мазмұнына құрылған оқыту методикасының жасалмауында еді.

Оқу бағдарламасы оқушылардың жас ерекшеліктерінің танымдық мүмкіндіктеріне сәйкес әр оқу пәнінің мазмұнын және олардың білім-білік, дағдыларының көлемін анықтайтын оқу-нормативтік құжаты болып табылады. Пәннің оқу бағдарламасы «шиыршық» қағидаты негізінде әзірленген, яғни оқу мақсаттары мен тақырыптардың басым көпшілігі белгілі бір оқу кезеңінен кейін (оқу жылы барысында немесе келесі сыныптарда) білім мен дағдының көлемі көбірек, тереңірек, күрделірек деңгейде қайта қарастырылады. Оқу бағдарламасындағы жетістік пен кемшілікке жеке мұғалімнің сараптама жасауы мүмкін емес. Бұл мемлекеттік тұрғыда кешенді жұмыс жүргізуді, яғни, талдауды талап етеді.

«Әлеуеті жетпейтін талапты қойған соң балада ынта қайдан болсын»

– Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәнін оқытудың әдіс-тәсілдері қалай жүргізіледі? Бізде жаңа заманға лайықталған оқу методикасы бар ма? Оқушылардың осы пәнге деген қызығушылығы қалай, тақырыпты меңгеру мен түсінудегі белсенділігін қалай бағалайсыз?

– «Орта білім берудің жаңартылған мазмұны аясында қазақ әдебиетін оқытудың өзекті мәселелері» тақырыбында өткен республикалық ғылыми-практикалық конференцияда (9 қазан 2019 жыл), әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Абай ғылыми институтының директоры, профессор Жанғара Дәдебаев «Қазақ әдебиетін оқытудың заманауи негіздері» атты баяндамасында: «Пәннің үлгілік оқу бағдарламалары жасалды. Бірақ оларда (5-9, 10-11-сыныптарға арналған оқу бағдарламаларында) мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарда бекітілген танымдық дағдыларды қалыптыстыру, дамыту мақсаттары, оқу мақсаттары таксономиясы бұрмаланды. Мемлекеттік стандарттардағы білу, қолдану сияқты танымдық деңгей дағдылары бағдарламаны жасаушылар мен бекітушілердің назарынан тыс қалды. Блум таксономиясындағы білім, білу аталған стандарттарда оқыту мақсаттары жүйесіндегі бастапқы саты ретінде қабылданған. Ол жоқ жерде қалған бес танымдық дағдыны қалыптастырмақ болу – әурешілік. Білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарында анық көрсетілген танымдық сипаттағы дағдылардың біразы «Қазақ әдебиеті» пәнінің бағдарламаларында қолданылмай, олардың орнына жауап беру, интерпретация, салыстыру дегендер қосылған. Таным деңгейлері арасындағы иерархиялық жүйені бұзу жүйесіздікке әкеліп соқпай қоймайды. Оның үстіне мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттар қазақ тілінде «талдау» деп анық көрсеткен атаудың пәннің үлгілік оқу бағдарламасында «анализ» болып берілгені, оған «интерпретация» секілді атаудың тіркескені қазақ әдебиеті үшін де, қазақ әдебиеттануы үшін де, қазақ тілі үшін де жетістік емес, кемістік» – деген. Біздің айтпағымыз бағдарламаның жүйесіздігі, оқушының жас ерекшелігінің ескерілмеуі.

Ғалым одан әрі «Қазақ әдебиеті» пәнінің оқу бағдарламаларындағы 14 мақсаттың бірін талдап көрсетеді: «Анализ және интерпретация» бөлімінің құрамындағы бес бөлімшенің бірі – Автор бейнесі деп аталады. Автор бейнесі бөлімшесінде білім алушылар үшін 10-11-сыныптарда мынадай нақты оқу мақсаттары қойылған. 1) 10-сыныпта «шығармадағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын айқындау» / «автор бейнесінің шығармадағы белгілі бір оқиғадағы көрінісін анықтау» қажеті. 2) 11-сыныпта «автор бейнесінің шығарманың негізгі идеясымен байланысын айқындау» / «шығармадағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын ашу» шарт. 3) 5-сыныпта «эпикалық шығармадағы автор бейнесін анықтауға» тиіс, 6-сыныпта «эпикалық, поэзиялық шығармалардағы автор бейнесін анықтайды». Әдеби шығармаларды бұлайша «эпикалық, поэзиялық шығармалар» деп топтау – білім мазмұны мен әдеби теориялық ұғымдар деңгейіндегі қателік. Білетін маманға «эпикалық шығармалар» қатарында поэзиялық шығармалар да болатыны, ал «поэзиялық шығармалар» қатарында эпикалық шығармалар да болатыны белгілі. 4) Білім алушылардың алдына 7-сыныпта «эпикалық, поэзиялық, драмалық шығармадағы автор бейнесін анықтау» мақсаты қойылады. Бұл да, білім мазмұны, әдеби теориялық деңгейіндегі қате. Өйткені, сөз өнері, көркем әдебиет туындылары «эпикалық, поэзиялық, драмалық» деп топтастырылмайтыны Аристотель заманынан бері белгілі. 5) 8-9-сыныптардағы мақсат – «автор бейнесі мен кейіпкерлер қарым-қатынасының тілдік көрінісін талдау», «автор бейнесінің идеялық-стилистикалық тұтастырушы ретіндегі рөліне талдау жасау» «Қазақ әдебиеті» пәнінің оқу бағдарламаларының он төрт мақсатының біреуін мысалға келтірдік» – деп талдайды ғалым. Осы айтылғанды одан әрі жалғастыратын болсам, бір 45 минутта оқушыға қаншама талап қоятынымызды байқай беріңіз. Оқушының әлеуеті жетпейтін мақсат қойған соң оқуға деген қызығушылығы қалмайтыны белгілі емес пе?

Бағдарламадағы осы кемшілікті айтсақ, жаңалықты қабылдамаған адам секілді түсінеді. «Қазақ тілі» пәні оқу бағдарламасында 45 минутта бір лексикалық тақырып, бір грамматикалық тақырып оқытылады. Әр күні, күнде осылай. Жыл бойы 68 сағат солай. Грамматикалық тақырыптар шашыранды беріледі. Бағдарлама мақсаты бөлек, оқулық мазмұны мүлде бөлек. Сондықтан мұғалімдер оқулық мазмұнынан гөрі оқу мақсатына сай тапсырма құрғанды жөн көреді. Қазақ тілі пәнінің де, «Қазақ әдебиеті» пәнінің де методологиясы жасалмаған. Бағдарлама жасаушылардан сұрап көрдік, жауап берген адам жоқ. 1-сыныпта «Әліппе» кезеңінен кейін қазақ тілі пәні жоқ. «Ана тілі» бар. Оқулық мазмұнына басқа оқу сауаттылығы енгізілген. Бір сөзбен айтқанда дыбыс, буын, дауысты, дауыссыз дыбыс, екпін, екпін түрлері секілді ғылыми терминдер оқытылады. Ана тілі өзінің пәндік функционалдық міндетінен ажырап, не қазақ тілі емес, не ана тілі емес дүние жасалып шығады. Ал 1-сынып оқушыларының сөздік қорын дамытатын «Ана тілі» де сауаттылығын танытатын «Қазақ тілі» де алынып тасталады. Оқулықтың сырты ана тілі болғанымен, мазмұны басқа. Оқушы оқитын өлең, тақпақ, ертегі, жұмбақ, шағын оқиғалы әңгімелер жоқ. Сондықтан 1-сынып оқушылары әріп танығанымен сөздік қоры дамымаған болып шығады. Соңғы жылдардағы тілінен айырылған ұрпақтың қалыптасу себебі де осында тұр! 3-4 сыныпта шағын тақпақты баласына жаттата алмаған ата-ананың шағымы осыдан туындап тұр емес пе?

5-11 сыныптағы қазақ тілі мазмұны шет тілін оқыту методикасына негізделіп жасалған. Ондағы оқу мақсаттары да оқушының жас ерекшелігіне сай емес. Бұл білім алушыға өте ауыр. Баланың сауатты жауабына мән берілмейді, ол критериалды бағалау әдістемесінің талабында да белгіленген, оқу мақсатында орфографиялық норма талаптары болмаса, мұғалім «неге қате жаздың?» деп дұрысын талап ете алмайды. Бұл оқушының сауатты жазуына қойылатын талапты шектейді. Бұған қатысты да ұсыныс айтылып келеді, бағдарламадағы оқу мақсаттары жетілдірілсін, оқулық мазмұны түзетілсін деп, қарапайым мектептегі қарапайым мұғалімнен зерттеу, талдау талап ету – НЗМ мектептерінің жауапкершіліктен қашуы деп білемін. Республика бойынша ұстаздар тобы талдауды да жасап отыр. Бірақ ғылымилығы кемшін. Себебі түсінікті де. Мен бұл жерде мұғалімге қиын деп отырған жоқпын, оқушыға, білім алушыға қиын деп отырмын. Баланың бойына сиятын білім берілуі керек, бойға сыйған білім ғана оқушыны дамытады. «Күшпен дамыған» тұлға жетілмей, сөнеді.

> *Қаны да жаны да – қазақ, тілі – жат. Көркем туындыны түсінбеген соң, толық оқудан қашады. Түсінбеген соң 45 минут өтпейді. Жалығады. Бұл – балабақшада, бастауыш сыныпта үш тілді игертуге ден қойған солақай саясаттың ықпалы. Дарынды, талантты ұрпақты кемтар етіп шығарып жатырмыз. Үш тілділік саясатына тұсау қойылуы керек.*

«Жалпы мектептерде НЗМ-дей материалдық-техникалық база жоқ»

– Мектептегі оқыту сапасы мен мұғалімнің біліктілігіне ата-аналар тарапынан жиі шағымдар айтылады. «Мектепте алуы керек білімді біз қосымша ақша төлеп, ақылы оқу орталықтарынан аламыз және нәтижесі жақсы» – дейді. Бұл мәселеге қатысты не айтар едіңіз?

– Бұл да өзекті. Ата-ананың «Мектепте алуы керек білімді біз қосымша ақша төлеп, ақылы оқу орталықтарына береміз және нәтижесі жақсы» деуі орынды. Қосымша оқу екі жағдайда жүргізіледі. Бірі – сабақта оқушының үлгермеуі. Жаңартылған білім мазмұны бойынша бір сыныпта 10-15 бала (стандарт) оқытылуы керек. Шет елде солай. Ал бізде бір сыныпта кем дегенде 27-30 оқушы отырады. Ақылы орталықта баламен жеке жұмыс жүргізіледі де нәтиже тез көрінеді. Бірақ оның да кемшілігі бар, жеке оқыған оқушы қоғамдаса алмайды. Ал ол мектепте оқушымен жеке жұмыс жүргізілмейді деген емес, мектепте де оқушыны жеке дайындайды. Әрі ақылы емес, тегін. Көптеген ата-ана оған да қанағаттанбайды. Себебі, мектепте оқушы демалатын орын жоқ. Республикадағы мектептер ескі стандартты, 60-70 жылдарда салынған, НЗМ мектептеріндегідей материалдық-техникалық база жоқ. Сабақтан соң оқушы қосымшаға қалса, шаршағаннан баяу қабылдайды, сабаққа дейін қосымшаға барса, сабақтағы білімді шаршап қабылдайды. Ал, екіншісі – ҰБТ-ға дайындыққа қатысты. Егер мұғалімнің әр сабағы сапалы өтетін болса, ҰБТ-ға қосымша дайындалудың қажеті де болмас еді. Ақиқатына келсек, жоғарыдағы бағдарламаның сапасыздығынан оқушы қосымша білім алуды қажет етеді. ҰБТ сұрақтарына пән мазмұны енбейді, оқу сауаттылығы енеді. Анығын айтсам, оқу сауаттылығы бағдарлама мазмұнында да, пән мазмұнында да жоқ. Сондықтан қосымша білім беру орталықтары сол олқылықты толтырып отыр.

– Соңғы өзгерістер бағалау жүйесіне де көп жаңалықтар енгізді. Соның ішінде БЖБ, ТЖБ тәсілдері баланың білім деңгейінің қорытынды көрсеткішін анықтай ала ма?

– Бағалау жүйесіндегі жаңалықтар оқушы құзыретіне лайықты құрылған. Сабақ үстінде формативті бағаланса, бөлім соңында жиынтық бағалау тапсырмасын орындау арқылы нені игергені анықталады. Бұл жерде жұмыс алынған соң, мұғалім тарапынан кері байланыс жақсы болуы керек. Жоғарыда айтқанымдай оқу жүктемесі көп мұғалім барлық оқушыға кері байланыс беріп үлгермеуі мүмкін. Толыққанды кері байланыс алмаған оқушы өз нәтижесін жақсартуға ұмтылмайды. Білімді бағалаудың диктант, мазмұндама, шығарма тест сынақтарын алуды әр мұғалім өз сабағында жоспарлауға болады. Формативті бағалаудағы 10 балл деңгейінде сабақта оны да қолданса, артық болмайды. Эссе жазу да білім деңгейін қорытынды бағалауға тиімді. Бірақ бірен-саран әріптестерім бағалаудың бұл түрі тиімсіз деп санайды. Ол біздегі бала тәрбиелеу процесіне де қатысты секілді.

«Үш тілділік саясатын тоқтату керек»

– Тестік форматтардың көбейіп кетуі ұстаз бен оқушының арасындағы жанды байланысты азайтып жібергендей. Баланың сөздік қорының жұтаңдығының, оқуға деген белсенділігінің төмендеуінің, кей жағдайлардағы депрессивті көңіл-күйлерінің бір себебі осыдан емес пе?

– Тестік формат ұстаз бен оқушы арасындағы жанды байланысты азайтады дегенмен келіспеймін. Білім алушының мақсатына байланысты қажеттілік туындаса, ұстазбен байланысқа түседі, тест – жаттанды білімді қалыптастырады. Тест жауабын ғана жаттау – білім мазмұнын толық меңгермеуге әсер етеді. Баланың сөздік қорының жұтаңдығының, оқуға деген белсенділігінің төмендеуінің, кей жағдайлардағы депрессивті көңіл-күйінің бір себебі болуы әбден ықтимал. Қазақ балалары көп сөздің қазақша мағынасын түсінбейді, орысша сұрап отырады. Қазіргі қазақ баласы орысша ойлайды, қазақша жазады. Ол жөргектен берілген тәрбие. Орыстілді отбасы үйде орысша сөйлейді, бала айналаны солай танып өсті. Көретін мультфильмі де, қолданатын телефон да, ойнайтын орта да орыс тілді. Сабақта түсінбеген сөзді орысша айтуды қажет етіп отырады. Қаны да, жаны да – қазақ, тілі – жат. Көркем туындыны түсінбеген соң, толық оқудан қашады. Түсінбеген соң 45 минут өтпейді. Жалығады. Бұл – балабақшада, бастауыш сыныпта үш тілді игертуге ден қойған солақай саясаттың ықпалы. Дарынды, талантты ұрпақты кемтар етіп шығарып жатырмыз. Үш тілділік саясатына тұсау қойылуы керек.

– Пәндік білім беру форматтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі керек деп есептейсіз бе? Есептесеңіз қандай ұсыныстар айтқан болар едіңіз?

– Әрине керек. Менің бұл мәселедегі ұсыныстарым мынадай:

Ең бірінші 2016–2022 жылдар аралығында қолданылып келе жатқан жаңартылған бағдарламаға талдау жасалуы керек. Бағдарламаны қайта қарастырғанымыз дұрыс, қажет болса мазмұнын да, мақсатын да (пән бойынша) қайта қараған жөн. Соған сай, «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті» оқулықтарының мазмұны қайта жасалуға тиіс.

– Сұхбатыңызға рақмет. Еңбегіңіз жемісті болсын!

Шолпан РАҚЫМҚЫЗЫ,
«Заң газеті»

ЖОБА

Сыбайлас жемқорлық адам құқықтарының сақталуына тікелей әсер етеді және оның екі маңызды себебі бар.Бір жағынан, сыбайлас жемқорлық қоғамды негізгі денсаулық сақтау, білім беру, инфрақұрылым немесе қауіпсіздік сияқты маңызды ресурстардан айырады. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының мәліметтері бойынша, сыбайлас жемқорлық шығындары әртүрлі нысандарда әлемдік жалпы ішкі өнімнің 5%-дан астамын құрайды. Екінші жағынан, сыбайлас жемқорлық жалпы мемлекеттік институттардың жұмысына, оның ішінде сот төрелігін

АШЫҚТЫҚ ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ ЖОЛЫН КЕСТІ

жүзеге асыру жүйесіне тікелей кері әсерін тигізеді.Сыбайлас жемқорлық – халықтың сотқа деген сеніміне нұқсан келтіреді, сот жүйесін адам құқықтарын қорғауға кепілдік беру мүмкіндігінен айырады, судьялардың, адвокаттардың және құқық қорғау органдарының басқа да өкілдерінің өз міндеттерін орындауына әсер етеді.

Сыбайлас жемқорлық сот төрелігін жүзеге асыруды бұзады, әділ сот ісін жүргізу құқығын жүзеге асыруға елеулі кедергілер жасайды және халықтың сотқа деген сенімін айтарлықтай төмендетеді. Сондықтан сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы тұру және жолын кесу сот қызметінің басым бағыттарының бірі. Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты қоғамның сұраныстарына қарай, ұлттық практика мен озық шетелдік тәжірибені сараптай келе, ұдайы жетілдіріліп отырады. Бірқатар қолжеткізілген нәтижелер де бар.Олар:судьяларды іріктеу және бағалау жүйесінің жақсартылуы. Облыстық және оларға теңестірілген соттарда судьяның әдебі жөніндегі комиссияның жұмыс істеуі, Жоғарғы Соттың жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінде ішкі қауіпсіздік және соттарда сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бөлімінің құрылуы соның дәлелі. «Татуластырушы судья» лауазымы енгізілді, бұл соттағы жүктемені үш есе азайтты, істердің жартысына жуығы татуласумен аяқталуда, тараптар сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайтып, дауды өздері шешуде. Сот процестері онлайн-режимге ауыстырылды. Істерді автоматты бөлу алгоритмінде айла-шарғы жасау мүмкіндігі жойылды. 2022 жылғы 2 ақпанда Мемлекет басшысының Жарлығымен Қазақстан Республикасының 2022–2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тұжырымдамасы және оны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді. Тұжырымдаманың маңызды нысаналы индикаторларының бірі «Smart-сот» жобасы. Ол бойынша виртуалды сотта қаралған істердің үлесін одан әрі ұлғайту, сот ісін жүргізуде жасанды интеллектті енгізу (цифрлық талдама) бөлігін дамыту болып табылады. Электронды сот төрелігі – біздің басымдығымыз. Соттардың қызметіне ақпараттық технологияларды енгізу бойынша алғашқы қадамдар 2006–2007 жылдары жасалды. Біртіндеп әділет органдарының Бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық-талдау жүйесі әзірленіп, сынақтан өтіп, Қазақстанның барлық соттарында енгізілді. Бірақ уақыт бір орнында тұрмайды қоғамның сұранысына сәйкес келетін жаңа қызметтерді – мобильді, интерактивті пайдалануды енгізуді талап етеді. Сондықтан, бүгінгі күні Жоғарғы Сот заманауи бағдарламалық өнімдерді сот өндірісіне енгізу және ақпараттық технологиялар арқылы Қазақстан халқына ақпараттық қызметтердің санын арттыру бойынша маңызды шаралар қабылдауда.

Жоғарғы Соттың интернет-ресурсы республиканың барлық соттарының және сот жүйесінің қызметін жан-жақты көрсететін біртұтас қуатты ақпараттық сервис болып табылады. Барлық IT құрамдастары негізделген негізгі ақпараттық жүйе – «Төрелік» бағдарламасы болып табылады. Ол, атап айтқанда, сот ісін жүргізуді оңтайландыруға және автоматтандыруға, статистикалық және аналитикалық деректерді қалыптастыруға және т.б. «Төрелік» жүйесінің маңызды өнімдерінің бірі – «Сот кабинеті» электронды сервисі. Сот процесіне қатысушыларға жедел хабарлау үшін SMS хабарламалар жіберіледі. Оның үстіне, «Мобильді сот кабинеті» жаңа сервисі де азаматтардың мүмкіндіктерін айтарлықтай кеңейтті.

«Сот кабинеті» ақпаратты уақытылы беру, құжаттардың жоғалуы, соттың жұмыс кестесінің ыңғайсыздығы, кезек күту, арыздарды қабылдаудан бастарту және т.б. мәселелерді шешуге мүмкіндік берді. Тағы бір маңызды қадам – соттарда дыбыс-бейне жазба жүйесін іске асыру болды. Бүгінгі таңда Жоғарғы Соттың да, еліміздің барлық соттарының да мәжіліс залы сот отырыстарын дыбыс-бейне жазбаға түсіру жүйесімен жабдықталған.

Сонымен қатар, Жоғарғы Сот төрағасының өкіміне сәйкес 2018 жылдың наурыз айынан бастап соттарға оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізуді электронды форматта қарау тапсырылды. Жазбаша өндіріске ұқсас бұл жаңалық талап арызды беру және тіркеу кезеңінен бастап заңды күшіне енген сот актісін орындауға жіберуге дейінгі электронды сот ісін жүргізуді енгізу еді. Қазіргі уақытта тараптардың шақыруымен жалпы белгіленген тәртіпте қаралатын қағаз түріндегі істер әлі де қалыптасуда. Бірақ құжат айналымының бұл бөлігі ақырында толығымен электронды форматқа өтеді.

Жалпы, электронды сот төрелігі сот ісін жүргізуді жеңілдетуге, оның тиімділігін, қолжетімділігін және ашықтығын арттыруға бағытталған. Сайып келгенде, мұның барлығы еліміздің сот жүйесіне деген халықтың сенімін арттырудың кепілі.

Г.САҒЫНБЕКОВА,
Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы

КӨКЖИЕК

1992 жылғы маусымда құрылған Қазақстанның Әскери сотына биыл отыз жыл толып отыр. Осы орайда атап өтер жайт, әскери сот Тәуелсіз еліміздің алғашқы мамандандырылған соты болып саналады.

ТӘУЕЛСІЗДІК ТҮЛЕТКЕН ҚҰРЫЛЫМ

Айнұр АМЕРКЕНОВА,
Алматы гарнизоны әскери сотының бас маманы-сот мәжілісінің хатшысы

Жалпы, еліміздің әскери сот құрылымының басқа соттардан айтарлықтай өзгешелігі жоқ. Басты айырмашылығы әскери соттарда қаралатын істердің ерекшелігінде деп білеміз. Яғни, мұнда қаралатын азаматтық істер бойынша тараптардың бірі әскери қызметші, әскери басқару органында немесе әскери бөлімде болуы тиіс. Сондай санаттағы істерді қарайтындықтан сала әскери сот саналады. Ал қылмыстық істерде сотталушылардың біреуі әскери қызметші болуы ләзім. Осы бір ерекшелік әскери сот екенімізді айқындайды.

Демек, әскери соттар Қазақстанның бірыңғай сот жүйесінің құрамында және жалпы юрисдикциялық соттарға жүктелетін қызметтер мен өкілеттіктерді еншілейді. Сондай-ақ, сот төрелігін жүзеге асыруда ортақ қағидаттар бойынша қызмет етеді. ҚР Әскери сотының мәртебесі облыстық соттарға теңестірілген және апелляциялық сатыдағы істерді қарайды.

Республика аумағында о баста 10 гарнизондық әскери сот жұмыс жүргізсе, кейін Ақтау, Қарағанды, Қостанай, Талдықорған, Өскемен гарнизондарына қарасты әскери соттар таратылды. Ал қалған бес гарнизондық әскери соттар облыс орталықтарында орналасқан. Бұл соттар қалалық және аудандық соттармен теңестірілген. Сондай-ақ, Нұр-Сұлтан қаласындағы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық әскери соты аса ауыр қылмыстармен байланысты істерді қарайды. Әзірге осы құрылымдар әскери сала бойынша істерді қарауға жеткілікті болып отыр. Көп адам түсіне бермейтін, салалық ерекшелікке орай әскери соттарда қаралатын қылмыстық істер қоғамда әрдайым қызығушылық тудырып жатады. Себебі, сотталушылар – қатардағы жауынгерден бастап генералдарға дейін әртүрлі шендегі әскери қызметшілер болуы мүмкін. Осы орайда атап өтсек, әскери сот жүйесінің тағы бір ерекшелігі онда қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істер бірге қаралады. Басқа соттарда ол бөлінген.

Сот жүйесінің ашықтығы мен жариялылық принциптерін қамтамасыз ету мақсатында әскери соттар бұқаралық ақпарат құралдарымен тығыз жұмыс жүргізеді. Қазір соттардың сайттары да тұрақты жұмыс істеп, онда азаматтарға қажетті ақпараттар үнемі жаңартылып, отырады. Сонымен қатар, әрбір азамат ашық сот процесіне қатысып, сот төрағасының қабылдауында бола алады. Уақыт ағымына қарай әскери соттардың барлығы заманауи ақпараттық технологиялармен қамтамасыз етілген. Бейнеконференция байланысы арқылы қашықтан сот процестерін жүргізу жүзеге асуда. Гарнизондардағы әскери соттар еліміздің әртүрлі қалаларында орналасқанын ескерсек, бұл жүйе республиканың басқа аймақтарында орналасқан тараптарды, куәларды, сотталушыларды сот залына шақырмай-ақ азаматтық, қылмыстық істерді қарауға мүмкіндік беруде. Тараптардың уақыты мен қаржысын үнемдейтін бұл өзгеріс әскери сот саласының да уақыт ағымына қарай жаңғырып, дамып жатқанын айқындайды.

НАРЫҚ

ЕҢБЕК ӨНІМДІЛІГІН АРТТЫРУ ТАБЫСҚА ЖЕТЕЛЕЙДІ

Әсем АХМЕТ,
Ақтөбе қалалық №2 сотының бас маманы – сот отырысының хатшысы

Еңбекті ұйымдастыру – адамның еңбек етуі үшін қалыпты жағдай жасау және бұл табысты жоғарылататын факторлардың бірі.Тиімді еңбек жағдайын жасау үшін еңбек үрдісін реттеу қажет, ол үшін еңбек өнімділігінің және жұмыс уақытының шығыны талданады.

Еңбек өнімділігі өнімді өндіру үрдісінде еңбектің тиімділігін және оның нәтижелілігін білдіреді. Еңбек өнімділігінің деңгейі уақыт бірлігінде өндірілген өнім санымен көрінеді.Еңбек өнімділігі экономикалық көрсеткіш, тек жеке адам жұмысының нәтижелілігі ғана емес, тұтас ұжымның іс-әрекетінің нәтижесі. Еңбек үрдісі әрдайым белгілі бір уақыт ішінде жүреді, жұмыс уақыты еңбек шығынының өлшемі болып табылады. Еңбек үрдісінің нәтижесі – осы үрдісте жасалынған өнімнің саны. Еңбек үрдісінің тиімділігін анықтау үшін сол үрдісте өндірілген өнім саны мен жұмыс уақытының шығынын салыстыру қажет. Белгілі бір жұмыс уақытының шығынында жасалған өнім саны еңбек өнімділігінің көрсеткіші болып есептеледі.

Қалыпты еңбек интенсивтілігі адамның дене және жүйке күштерін дұрыс жұмсай білуі. Еңбек интенсивтілігін қоғамдық қалыпты деңгейде ұстау еңбек өнімділігін жүйелі арттыруға ықпал етеді, материалдық игіліктердің өндірісін өсіреді, айналып келгенде жұмыскерлердің қажеттіліктерін қанағаттандырады. Еңбек үрдісінің элементтері – жұмыс күші, еңбек құралы, еңбек заты.

Еңбек өнімділігін арттыруды қоғамның экономикалық дамуының жалпы заңы деп қарастыруға болады. Еңбек өнімділігін арттырудың әлеуметтік-экономикалық мәні бар. Себебі, еңбек өнімділігін арттыру өндіргіш күштерін дамытумен тығыз байланысты. Ол тұрғындардың тұрмыс дәрежесін жақсартуға әкеледі. Өйткені, біз материалдық және мәдени игіліктерді неғұрлым көп әрі арзан, сапалы, өндіретін болсақ, оларды көп тұтына аламыз. Бір жағынан, еңбек өнімділігі өндіргіш күштері дамуының нәтижесі және маңызды көрсеткіші. Өндіріс құрал-жабдықтарын жаңартып, жақсарту, жұмыскерлердің мәдени-техникалық деңгейін өсіру, олардың біліктілігін көтеру еңбек өнімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Екінші жағынан, еңбек өнімділігін үздіксіз өсіру өндіргіш күштерін әрі қарай дамытудың көзі болып табылады. Сондай-ақ, еңбек өнімділігін арттыру еңбектің үнемделуін қамтамасыз етіп қана қоймай, еңбек өнімділігін өсіру жұмыс уақытын қысқартуға және жұмыскерлердің бос уақытын көбейтуге мүмкіндік береді. Еңбек өнімділігі неғұрлым жоғары болса, әрбір адамның өмірі соғұрлым ауқатты да мазмұнды бола түседі, жасы ұлғайғандарды асырап-бағуға, жас ұрпақты тәрбиелеп оқытуға жұмсалатын қаржыны соғұрлым көп бөлуге болады.

Ғылыми-техникалық прогресс, жаңа техниканы үздіксіз енгізу және қолдану, өндірісте қазіргі ғылым жетістіктерін кеңінен пайдалану, прогресті технологиялық үрдістер, жаңа материалдар мен энергия түрлерін енгізу, жұмыскерлердің мәдени-техникалық деңгейлерін жүйелі түрде көтеру, жалпы және арнаулы білімді көтеру негізінде жұмыскерлердің біліктілігін, кәсіби шеберлігін арттыру, еңбекке деген саналы ынтаны дамыту, жоғары мамандық қызметкерлерге жаңа техниканы, материалды неғұрлым тиімді пайдалануға, өнім сапасын жақсартуға және осының негізінде ең жоғары еңбек өнімділігіне жетуге мүмкіндік беру, еңбекті ұйымдастыру мен басқаруды жетілдіру, өндірістің құрылымын жақсарту, еңбекке деген ынталандырушы құралды барынша дамыту, мінекей, бұл – еңбек өнімділігін арттырудың факторлары десек болады.

БІЛГЕН ЖӨН

ӘР СӨЗДІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ БАР

Соңғы уақытта әлеуметтік желілерде бір-бірін тілдеп, жасаған кемшіліктерін бетіне басып, боқтап, балағаттайтын желі қолданушылары көбейіп кетті. Оффлайн ортаны онлайн орта алмастырған заманда адамның ойы осы желілер арқылы біліне бастады және әр адамның пікірін көпшілік оқи алатын жағдайдамыз. Даулы мәселе талқыланып жатқанда мыңдаған пікір білдірушілер ішінде жалған ақпар таратып, қолданушылар өз пікірлерінің салмағы мен салдарын ескермей жатады. Осының салдарынан сот өндірісінде жекеше айыптау істері көбейіп кетті. Жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың сипатына және ауырлығына қарай қылмыстық қудалау мен сотта айыптау жекеше, жекеше-жариялы және жариялы болып келеді. Жеке айыптау істері бойынша іс жүргізу жәбірленушінің шағымы бойынша ғана басталады. Жекеше айыптау істері бойынша іс жүргізу тәртібі ҚР ҚПК-тің 47-тарауында 407,413 баптар аралығында, яғни, толық 7-бапта көрсетілген. Жекеше айыптау істері ҚР ҚК-нің 131-бабы қорлау яғни, басқа адамның абыройы мен қадір-қасиетін әдепсіз түрде кемсіту – 100 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не 120 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға жазаланады.Көпшілік алдында немесе бұқаралық ақпарат құралдарын, телекоммуникациялар желілерін пайдалана отырып жасалған дәл сол іс-әрекет – 200 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не 180 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға жазаланады.

Қылмыстық кодекстің 147-бабы адамның жеке немесе отбасы құпиясын құрайтын, жеке өмірі туралы мәліметтерді оның келісімінсіз заңсыз жинау не өзге де дербес деректерді заңсыз жинау және өңдеу нәтижесінде адамның құқықтары мен заңды мүдделеріне елеулі зиян келтіру – 5 мың АЕК-ке дейін айыппұл салуға не сол мөлшерде түзету жұмыстарына не 800 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Қылмыстық кодекстің 274-бабы қоғамдық тәртіпті бұзу немесе азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтіру қаупін төндіретін көрінеу жалған ақпарат тарату – 1000 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не 400 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Г.ӘБДІҒАЛИҚЫЗЫ,
Жаңақала аудандық сотының бас маманы
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ТҮЙТКІЛ

Алматы облысында ювеналды полиция бөлімшелері мен білім беру органдарының бірлескен рейдтері барысында алғашқы тоқсанда кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстардың алдын алуға ықпал ететін 2,5 мыңнан астам құқық бұзушылықтар анықталып, жолы кесілген.

ЖАСӨСПІРІМДЕР ҚЫЛМЫСЫ АЗАЙМАЙ ТҰР

Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен (2431) салыстырғанда 3,3 пайызға жоғары. Олардың басым бөлігін (2074) ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің (ӘҚБтК) 442-бабының 2-бөлігінде көзделгендей кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта заңды өкілдерінің алып жүруінсіз тұрғын үй-жайлардан тыс жерде болу фактілері құрайды. Бұл құқық бұзушылықтың әрбір фактісі үшін ересектер әкімшілік жауапкершілікке тартылады. Атап айтқанда, 324 ата-ана мен заңды өкіл кодекстің 127-бабы бойынша жауапкершілікке тартылды. 35 азамат кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта ойын-сауық орындарында болуына жол бергені үшін жазаланды. 176 жасөспірім (2021-156, +12,8%) және 108 отбасы (2021-106,+1,8%) профилактикалық есепке алынды. Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығына 44 кәмелетке толмаған жеткіншек жеткізіліп орналастырылды (2021 ж.-30, 46,6%).

Жетісу медиа компаниясының хабарлауынша, атқарылып жатқан шараларға қарамастан облыста жасөспірімдер арасындағы қылмыстың артуы байқалады. Атап айтқанда, кәмелетке толмағандар тарапынан жасалған құқық бұзушылықтардың саны 32,4%-ға (37-ден 49 фактіге) өсті. Бұл Қарасай ауданында 10-нан 20-ға, Еңбекшіқазақ ауданында 2-ден 4-ке, Талғар ауданында 1-ден 3-ке, Іле ауданында 1-ден 2-ге, Талдықорған қаласында 7-ден 9-ға дейін өсіп, Текелі қаласы мен Ескелді, Көксу, Сарқан, Ұйғыр аудандарында бір-бірден тіркелді.

Сараптамадан пандемия және карантиндік шектеулер кезеңінде байланысты мектептерде оқу онлайн форматта жүргізілуінен 2020–2021 жылдары кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың айтарлықтай төмендегені байқалған болатын. Ал 2010–2019 жылдар аралығында кәмелетке толмағандар жасаған қылмыстар саны жылына 232 фактіден төмендемеген еді. Биыл кәмелетке толмағандарға қатысты құқық бұзушылықтар бойынша 69 факті тіркелді, бұл 2021 жылмен салыстырғанда 15%-ға артық. Оның ішінде жыныстық қол сұғылмаушылыққа қарсы фактілер басым.

Талдау көрсеткендей, көп жағдайда қылмыскер ретінде туыстары мен таныстары, яғни жақын ортадағы адамдар шығады. Осы тақырыпта жалпы білім беру ұйымдарында полиция қызметкерлері денсаулық сақтау органдарының мамандарын тарта отырып, кәмелетке толмағандарға жыныстық тәрбие беру бойынша 346 дәріс ұйымдастырды. Сонымен қатар, өткізілген кездесулерде оқушылардың ата-аналарына балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу мәселелері түсіндірілді.

Қазіргі қоғамдағы маңызды мәселе – кәмелетке толмағандар арасындағы суицид. Қарастырылып отырған кезеңде облыста 4 суицид және 9 суицид әрекеті тіркелді. Жағдайлар мен себептерді анықтаған кезде барлық дерлік фактілер ата-анасымен немесе басқа жақын туыстарымен араздық жанжалға байланысты екені анықталды.

Жалпы кәмелетке толмағандардың құқықтық сауаттылығын арттыру және олардың заңға бағыну мінез-құлқын қалыптастыру мақсатында облыстың білім беру ұйымдарында полиция қызметкерлері алғашқы тоқсанда 1450 дәріс оқыды. Ата-аналар комитеттерімен 400-ден астам жиналыс ұйымдастырылып, онда отбасындағы бала тәрбиесі мәселелері талқыланып, кәмелетке толмағандарды күтіп-бағуға, оқытуға және тәрбиелеудегі ата-аналардың жауапкершілігі түсіндірілді. Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі комиссияның ювеналды полиция инспекторларының қатысуымен өткен отырыстарда жасөспірімдер мен олардың заңды өкілдеріне қатысты 160 материал қаралды. Сондай-ақ, жасөспірімдер үйінен жүйелі түрде рұқсатсыз кеткені үшін сотталған девиантты мінез-құлықтағы балаларға арналған арнайы оқу орындарына соңғы үш айда 2 кәмелетке толмаған жіберілді.

Өз тілшіміз

ІНДЕТ

Ұлт мойнындағы міндет

Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселелерінің бірі – сыбайлас жемқорлықпен күрес. Бұл мақсат тұрғысынан, біздің мемлекет басқа көптеген мемлекеттер сияқты сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оны болдырмау үшін қарқынды жұмыс жүргізуде. Қоғамды кері тартып, кешеуілдетуші фактор ұлттық қауіпсіздікке орасан зор зиянын тигізеді.

Дамыған елдерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру барысында сыбайлас жемқорлықты рухани жағынан қабылдамауға мән беріледі. Жас ұрпақты сыбайлас жемқорлыққа қарсы мүлдем төзбеушілікке тәрбиелеуіміз керек. Сыбайлас жемқорлықтың барлық түрлерін жою үшін Қазақстан азаматтарының құқықтық санасын арттыру маңызды.

Өйткені, сыбайлас жемқорлыққа қарсы білімінің болмауына байланысты, азаматтар абайсыздан жемқорлықтың қатысушылары болып қалады.

Мемлекет пен қоғам тығыз қарым-қатынаста болғанда сыбайлас жемқорлыққа төтеп бере аламыз. Сондай-ақ, стратегияда сыбайлас жемқорлыққа деген төзбеушілік әрбір қазақстандықтың азаматтық ұстанымына, ал адалдық пен сатылмаушылық мінез-құлық нормасына айналу керек. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруда ұрпақпен жұмыс істеу қажет. Адамды бала кезінен қазақстандық патриотизм және сыбайлас жемқорлықты қабылдамау рухында тәрбиелеп өсіру керек.

Алия БОЯДИЛОВА,
Бәйтерек аудандық сотының аға сот приставы

Сыбайластыққа жол жоқ

Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселенің бірі. Жемқорлық заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіруде. Сондықтан да Қазақстан үшін мемлекет саясатының негізгі басымдықтарының бірі осы зұлымдықпен күресу .

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық қазір парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сыбайлас жемқорлықпен күресті жеке қарау мүмкін емес. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңға сәйкес, сыбайластықпен күресті барлық мемлекеттің органдары мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың, ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметкерлерді тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Әрине, сыбайлас жемқорлық дәрі беріп емдейтін сырқат емес. Айналасындағы салауатты, таза және сау ортаны шарпып, тыныс-тіршілігін тарылтатын, заңсыз әрекеттерімен қоғамдық ортаның және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, дара кәсіпкерлердің, азаматтардың қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті дертті болдырмаудың тетігі халықтың өзінде. Бұл дерттің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу керек. Ол үшін аталған дертке қоғам болып қарсы күресуіміз қажет. Сонда ғана ел мүддесі үшін зор үлес қосатынымыз және халық сенімінен шығатынымыз анық.

Жандос ЕСБОЛҰЛЫ,
Шымкент қаласы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы

ЖАРНАМА

ТАРАТУ

2. «AruAru» ЖШС-нің, БСН 191240003219, таратылуы туралы хабарлаймыз. Шағым-талаптар осы хабарлама жарияланғаннан бастап екі айдың ішінде қабылданады. Мекенжайымыз: A15C3F7, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, «Ботанический Сад» шағынауданы, 11/2 үй. Тел.: 87077979473.

5. «Таңгер» ауылшаруашылық өндірістік кооперативі, БСН 160540001186, заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 090700, БҚО, Казталов ауданы, Казталов ауылы, Құрманғазы көшесі, 16 үй, 1 пәтер, өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: БҚО, Казталов ауданы, Казталов ауылы, Құрманғазы көшесі, 16 үй, 1 пәтер. Тел.: 87771803333.

6. «Дүйсен» өндірістік кооперативі, БСН 971240004994, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, ОҚО, 160600, Ордабасы ауданы, Шері ауылы.

10. «Saigak Energy (Сайгак Энерджи)» ЖШС, БСН 200940005649 (Алматы қаласы, Медеу ауданы, Есенов көшесі, 15/3 ғимарат, индекс 050002), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 240 Г үй.

11. «Urker Energy (Уркер Энерджи)» ЖШС, БСН 200940005708 (Алматы қаласы, Медеу ауданы, Есенов көшесі, 15/3 ғимарат, индекс 050002), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 240 Г үй.

12. «A&K Кокше» ЖШС (БСН 171140028128) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, 020000, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Юбилейный ықшамауданы, 43 үй, 57 пәтер.

14. «Табэк» ЖШС, БСН 131240009811, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Орал қаласы, Евразия даңғылы, 71/1 үй, 4 пәтер.

МҰРАГЕРЛІК

3. 28.03.2022 ж. қайтыс болған Ержанов Кулназар Джалгасовичтің артынан мұра ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус М.К.Бердалиеваға келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда қаласы, Ғ.Мұратбаев көшесі, 3В. Тел.: 87027772722.

13. 12 қазан 2021 жылы қайтыс болған азамат Лукпанов Галийдің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлер мұраны қабылдау үшін Атырау қаласы, «Авангард-3» ықшамауданы, 75 үй, 5 кеңсе мекенжайы бойынша нотариус А.А. Амандықоваға хабарласуларын сұраймыз.

ӘРТҮРЛІ

4. «Танс ломбард» ЖШС (БСН 081240003543), микроқаржылық қызметті (ломбард қызметін) жүзеге асыру үшін берілген лицензияның әрекетін тоқтату туралы Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын дамыту және реттеу агенттігіне өзінің ерікті түрде жүгінгенін хабарлайды. Лицензияның нөмірі 09.21.0049 Л, 30.03.2021ж. берілген.

7. Жарма ауданы әкімдігінің «Жарма-су» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны, БСН 090840011086, қайта құру жолымен Жарма ауданы әкімдігінің «Горводхоз» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны болып қайта ұйымдастырылатынын хабарлайды. Талап-шағымдар екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ШҚО, Жарма ауданы, Қалбатау ауылы, Оспанов көшесі, 5.

8. Ломбард «GoldFinMarket» ЖШС, БСН 201040038289, қайта тіркеуге байланысты микроқаржы қызметінің жүзеге асырылуына лицензияны тоқтату туралы есеп береді. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Шымкент қаласы, Шаяхметов көшесі, 3/2 құрылыс. Тел.: 87252200101.

9. Алматы қаласының Бостандық аудандық сотына
Алматы қаласының тумасы, 1957 жылдың 29 наурызында туған азамат Грязев Алексей Алексеевичті қайтыс болған деп тану туралы өтініш келіп түсті. А.А. Грязевтің соңғы жұмыс орны - РИВЦ «Минмонтажспецстрой», Мыңбаев көшесі, 46/43. Алматы қаласының тумасы, 1957 жылдың 29 наурызында туған азамат Грязев Алексей Алексеевичтің жүрген жері туралы мәліметті білетін жандардың осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 3 ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша сотқа хабарласулары сұралады: Алматы қаласы, «Орбита-2» ықшамауданы, 20 «а» үй.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetyisaity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 кеңсе.

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы,Крупская көшесі,61,кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Иляев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ.,К.Мұхаметханов көшесі,23 «А»,104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18,8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК, Петропавл қ.,К.Сүтішов көшесі,58,30-бөлме,3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57,ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаметінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05,ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779,e-mail:zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ.,Л.Толстой көшесі,28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8,«Лина» шаштаразы. ardawka_94@mail.ru,Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй,407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы,Қазақстан Конституциясы көшесі,28-үй,1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77,8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Servise», Тараз қаласы,Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222,ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы,60. Тел.: 8(7232) 578414,ұялы тел.: 87772256506.

МӘСЕЛЕ

МАМАНДЫҚ ТАҢДАУДАҒЫ МАШАҚАТТАР

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ал төртінші топқа – өзінің айналысып жүрген ісін көрсету арқылы қосымша табыс табатын блогерлер. Біздің қоғамға ең пайдалысы да осы блогерлердің өнімі. Мәселен: Самғау Нәсіпхан есімді жігіттің инстаграмдағы «Samgau» парақшасынан оның тіккен аяқ киімдерінің ерекшеліктері, бағасы турасында ақпарат табуға болады. Яғни, өз өнімін немесе мамандығы турасында пайдалы ақпараттармен бөлісетін блогерлер.

Қалыпты қоғамда барлық мамандық насихатталуы керек. Олардың да өз саласында кәсібилікке ұмтылған адамның табысқа жететіні айтылып, көп жарнамалануы керек. Сонда ғана жастардың таңдау аясы кеңейеді. Қарапайым механик, дәрігер, мұғалім, аспаздың да телеарналарда насихатталуы болашақ мамандықтарын таңдаудың алдында тұрған жастарға сол салалардың қыр-сырын қанықтырады.

Журналистика саласы да өзге мамандықтар секілді. Оның тізгінін сол салаға арнайы маманданып, бәленбай жыл оқып шыққан маман ұстауға тиіс. Бірақ бізде қазір отандық телеарналардағы көп бағдарламаларды әншілер жүргізеді. Мәселен, Қазақстан арнасында «Таңшолпан» бағдарламасын әнші Гүлнұр Оразымбетова жүргізсе, бір ғана жайдарманшы Жақсыген Нұрсұлтан – «Жетінші арна», «Алматы ТВ», «Еуразия» арналарында бірнеше бағдарламарларды жүргізеді. «НТК» арнасында «Ревю» бағдарламасының тізгіні Әден Марғұлан мен Анара Батырханның қолында. Танымалдық бөлек те, бұл жерде кәсібилік бөлек. Рас, барлық жүргізушілер кәсіби маман болуға тырысады. Дегенмен, әркім өз сахнасында жұлдыз.

Жедел сұхбат



Нұрсейіт ЖЫЛҚЫШЫБАЙ,
«Уақыт көрсетеді» ютуб каналының жүргізушісі, журналист:

«ЕШКІМ ЖУРНАЛИСТІҢ ОРНЫН АЛМАСТЫРА АЛМАЙДЫ»

– Кәсіби білікті журналист болу үшін, міндетті түрде журналистика факультетін тәмамдау қажет пе?

– Бұл мәселеге қатысты әркімде әртүрлі көзқарас бар. Біреу айтуы мүмкін, журналист болу үшін 5-6 айлық оқу курстары жеткілікті деп. Енді өзіңіз зер салып қарайтын болсаңыз, қазіргі қайнап жатқан қазанның ортасында жүрген азаматтар мен азаматшалардың басым көпшілігі қара шаңырақ Қазақ Ұлттық университетінің журналистика факультетін бітіргендер. Себебі, іргелі білімнің жөні бөлек, ол өмірлік азық болатын білім. Сондықтан журналист болу үшін журналистика факультетін оқымай-ақ қоюға болады деген сөз қисынға келмейді.

– Қазіргі таңда блогерлерді журналистердің орнын алмастырушы есебінде қарайды. Бұған не дейсіз?

– Бүгінде телеканалдар рейтинг көтеру үшін өнер жұлдыздарын немесе блогерлерді уақытша эфирлерін толтыру үшін пайдаланатын шығар. Бірақ көзіқарақты, білімді оқырман кімнің кім екенін ажыратып алады. Бұл кісілер де өздерінің осал тұстарын жақсы біледі, олардың қарулары сол киноға түсу, әндерін айту. Сондықтан да олар журналист ретінде бүгін бар, ертең жоқ кісілер.Ешкім журналистердің орнын алмастыра алмайды, блогерлік деген де мәңгілік мамандық емес. Сондықтан олардан қауіп қылатын дүние жоқ.

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

Әден МАРҒҰЛАН, ***блогер, кәсіпкер:***

«Болам деген баланың бетінен қақпай, белін бу»

– Кәсіби журналист қалай қалыптасады, блогерлікке де арнайы мамандану керек пе?

– Журналист болу үшін журналистика факультетін бітіру керек деген оймен өз басым келіспеймін. Өйткені, әртүрлі адам бар, біреудің бойында таланты болуы мүмкін, кейбірі кішкентай кезінен жаңалықтарды, шоу хабарларды көру арқылы тележүргізушілердің, журналистердің қасиеттерін бойына сіңіріп алады. Осыдан кейін ол саланы оқымай-ақ өз-өзін жақсы көрсете алады деп ойлаймын. Қасымда жүрген достарымның өзін алар болсам, Жансерік Қадырбаев журналистика факультетінде 2 курста оқып жүріп-ақ бала күнгі арманына қол жеткізді, яғни тележүргізуші болды. Тағы да бір танысым арнайы білімді алмай-ақ қазіргі таңда елімізде сұранысқа ие тележүргізушілердің бірі атанып жүр. Сол себепті міндетті түрде оқу керек деген ойға қосыла бермеймін. Одан кейін екінің бірі журналист, әнші, блогер деп жатады қазір. Ол енді әркімнің өз қалауы, қолынан келгенше еңбектенсін. 1-2 жылда өзінікі ме, әлде өзгенікі ме түсініп бір жағаға шығады. Бұлайша өскелең ұрпақтың бетінен қаға бергенше, мүмкіндік берген дұрыс.

– Блогерді журналист мамандығын алмастырушы дейсіз бе сонда?

–Негізі қазіргі таңда көптеген бағдарламаларға жүргізуші етіп, әнші-блогерлерді продюсерлердің өздері алады. Бағдарламаның халық арасында үлкен аудитория жинап, көрілімді болуы үшін көбіне продюсерлер халыққа өтімді адамдарды іздейді. Танымал әнші немесе блогерлерді шақыратыны да содан. Қазір журналистикада рейтинг, қаралым болмаса ол хабар өтпейді. Аудитория тек халыққа ұнайтын хабарға ғана жиналады. Сол себепті блогерлер де оған мүдделі. Барын салып, көңілді, қызықты ғып жүргізуге ұмтылады. Танымалдық рейтингісі жоғары хабарлар арқылы келеді. Телеарналарда шоу бағдарламалардың көбеюінің себебі де осы ғой. Ол заман талабы.

P.S Осылайша, бұл мәселедегі қоғам пікірі әртүрлі. Бірақ бұл журналистиканың қоғамдағы орнының төмендегенін көрсетпейді. Тек сапасының талғам тұрғысынан нашарлағанын дәлелдейді. Ал сапалы контент кәсібилік артқанда ғана пайда болады. Бұл кез келген салаға, кез келген мамандыққа тән заңдылық. Ендеше, мамандық таңдағанда әр жас ең алдымен кәсіби тұрғыда сауатты, сұранысқа ие бола алатын маман болуға ұмтылуы керек. Кәсібилік пен дұрыс таңдау ғана мамандығының мәртебесін арттырады, табысын көбейтеді, халық арасында сыйға бөлейді. Сапырма сөз сапасыздықтың көрсеткіші.

Ғани ЕРКІНҰЛЫ,
студент

СЕМИНАР

«Е-ӨТІНІШ» ЖҮЙЕСІН ҚОЛДАНУ ЖҰМЫСТЫ ЖЕҢІЛДЕТЕДІ

«Е-өтініш» ақпараттық жүйесінде жеке тұлғалардың өтініштерімен жұмысты ұйымдастыру мақсатында семинар өтті. Жиынды Байзақ аудандық соты кеңсесінің меңгерушісі Е. Жақсыбаев өткізді. Семинарға мемлекеттік қызметшілер қатысты.

Семинар барысында, соттың кеңсе меңгерушісі сот қызметшілеріне 2021 жылдан бастап іске қосылған «Е-өтініш» жаңа ақпараттық жүйесі арқылы өтініштерді қабылдау және тіркеудің негізгі принциптерін түсіндірді.

Сот қызметшілері ақпараттық жүйенің ерекшеліктері ретінде атаған негізгі талаптар – азаматтардың мемлекеттік органдарға жүгіну процедурасын барынша жеңілдету және олардың қаралуын бақылауды дамыту болып табылатыны айтылды.

Е.Жақсыбаев 2021 жылдың 1 шілдесінен бастап заңды күшіне енген, ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде жолданымға қойылатын жалпы талаптар, қабылдау, тіркеу, қайтару, уәкілетті әкімшілік органға, лауазымды адамға әрі қарай жолдау негіздері көрсетілгенін атап өтті.

Семинар соңында кеңсе меңгерушісі «Е-өтініш» жүйесін орындау мақсатында барлық қатысушыларға өтініштерді арнайы нұсқаулыққа сәйкес тіркеуді тапсырып, барлық сұрақтарға жауап берді.

Өз тілшіміз



Туған күн иелерін төл мерекелерімен шын жүректен ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!!!

15.04.1980

Азамат Асылбекұлы АЙМҰХАМЕДОВ – Ақмола облысы мамандандырылған экономикалық сотының төрағасы

16.04.1973

Ләззат Болтайқызы СВОГУЗОВА – Ақмола облысы Ақкөл аудандық соты төрағасының міндетін атқарушы

16.04.1976

Ерғазы Утенұлы ТІЛЕУБЕКОВ – Байзақ аудандық сотының төрағасы

17.04.1980

Ерлан Алматұлы МЫРЗАҒОЖИНОВ – Қостанай облысы Рудный қалалық сотының төрағасы

18.04.1973

Талғат ОРЫНҒАЛИ – Алматы қаласы, Наурызбай аудандық соты төрағасының міндетін атқарушы

19.04.1975

Ардақ Темешбайұлы НҰРҒАЛИЕВ – Павлодар қалалық тергеу сотының төрағасы

22.04.1982

Қанат Қалиасқарұлы ШАҚАРОВ – Қостанай қалалық сотының төрағасы

23.04.1962

Мәтен Мұхтарұлы ЕРҒАЗИЕВ – Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы төрағасының міндетін атқарушы

25.04.1982

Едіге БЕГЕНОВ – Маңғыстау облысы Түпқараған аудандық сотының төрағасы

25.04.1980

Таңат Орынбайұлы СМАҒҰЛОВ – Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар аудандық сотының төрағасы

29.04.1972

Ермек Жаңабайұлы ҚАРАҚҰЛОВ – Түркістан облысы Байдібек аудандық сотының төрағасы

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Жанахмет АҒЫБАЕВ
Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59. Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 8019 дана
Апталық таралым 16 038 дана

Тапсырыс №50 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31